

«ЖАНСУГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ
НАО «ЖЕТЫСУСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА»
NP JSC «ZHETYSU UNIVERSITY OF THE NAME OF ILYAS ZHANSUGUROV»

БЕКІТІЛДІ/ УТВЕРЖДЕНА/ APPROVED

университеттің Ғылыми Кеңесі отырысында/
на заседании Ученого совета университета/
at the meeting of the Academic Council of the University/

Хаттама/ Протокол/ Protocol № 4 «07» 08 2021

Басқарма төрағасы – Ректор/ Председатель Правления -
Ректор/ Chairman of the Board- Rector

Г.ғ.д, профессор Қ.Баймырзаев/
д.ғ.н, профессор Қ. Баймырзаев/
d.g.s., Professor K. Baimyrzayev



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B02302 – «Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
қабылдау жылы: 2021

КАТАЛОГ ЭЛЕКТИВНЫХ ДИСЦИПЛИН

по образовательной программе 6B02302 – «Филология»
год приема: 2021


CATALOG OF ELECTIVE DISCIPLINES

on educational program 6B02302 – «Philology»
year of admission: 2021

Элективті пәндер каталогы білім алушылардың жеке білім траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерінің жүйелендірілген тізбесі болып табылады/ Каталог элективных дисциплин представляет собой систематизированный перечень элективных учебных дисциплин для формирования индивидуальной образовательной траектории обучающихся / The Catalog of elective disciplines represents the systematic list of elective academic disciplines to form an individual educational trajectory of learners.

_____ кафедрасының отырысында қарастырылды және талқыланды/ Рассмотрен и обсужден на заседании кафедры _____/ Considered and discussed at the meeting of the _____ Department (Хаттама/ Протокол/ Protocol № 6, «10» 02 2024).

Кафедра меңгерушісі/
Заведующий кафедрой/
Head of department:

 Ш.А. Кыяхметова – ф.ғ.к.,
қауымдаст. профессор (доцент)
Ш.А.Кыяхметова – к.ф.н.,
ассоц.профессор (доцент)
Sh. Kyahmetova – c.f.s., Associate
Professor

Жұмыс берушілермен және студенттік активтің өкілдерімен келісілген/ Согласован с работодателями и представителями студенческого актива/ Agreed with the employers and student activity representatives:

Алматы облысы Тілдерді дамыту
басқармасы Тілдерді дамыту бөлімінің
басшысы

Начальник отдела по развитию языков
Управления по развитию языков
Алматинской области

Head of the Department for the Development
of Languages of the Department for the
Development of Languages of the Almaty
Region

 Т.С. Рахымберлина

 Т.С. Рахымберлина

 T. Rakhymberlina

Алматы облысының ішкі саясат
басқармасы мемлекеттік мекемесі «JETISU
MEDIA» жетекшісі

Руководитель КГУ «JETISU MEDIA» ГУ
Управление внутренней политики
алматинской области

Head of KSU "JETISU MEDIA" GU
Department of Internal Policy of Almaty
region

 Ж.С.Арынбекова

 Ж.С.Арынбекова

 Zh. Arynbeikova


Студенттік активтің өкілі /
Представитель студенческого актива /
Student activity representative:

 Е.Мадет
Е.Мадет
Е.Мадет

Университеттің Академиялық Кеңесі отырысында ұсынылған/ Рекомендован на заседании
Академического совета университета / Recommended at the meeting of the University academic council

(Хаттама/ Протокол/ Report № 6, «23» 02 2024).

Университеттің Академиялық Кеңесі
төрағасы/ Председатель Академического
совета университета / Chairman of
University academic council

 э.ғ.д., профессор Д.Калдияров/ д.э.н.,
профессор Д.Калдияров/ Doctor of
Economic Sciences, Professor,
D.Kaldiyarov

Модуль коды: ӘГ-2

Модуль атауы: Әлеуметтік-гуманитарлық

Пән атауы: Қоғамтану білімі (пәнаралық білім)

Экономика және кәсіпкерлік негіздері

Пререквизиттер:

Постреквизиттер:

Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты – студенттердің кәсіпкерлік қызмет негіздерін меңгеруде тәжірибелік дайындығын, оның мазмұнын, әлеуметтік-экономикалық үдерістердегі маңызы мен орнын қамтамасыз ету.

Қысқаша сипаттамасы: Кәсіпорын халық шаруашылығының негізгі элементі бола отырып, оған нарықтық қатынас жағдайында шаруашылық еркіндік және өзін-өзі басқару берілгендіктен, олардың жұмысының соңғы нәтижелеріне жауапкершілік артты. Осыған байланысты кәсіпорын, фирма экономикасын жете білу экономика мамандығына міндетке айналды. Кәсіпорын экономикасы пәні экономика мамандығының студенттері үшін ең маңызды пәндердің бірі болып табылады. Нарық қарым-қатынастары жағдайында экономикалық қызметтің орталығы бүкіл экономиканың негізгі бөлігіне-кәсіпорынға ауысып отыр, өйткені тек экономиканың осы деңгейінде ғана қоғамға қажет өнім шығарылады және қызмет көрсетіледі. Мұнда халықтың жұмысқа қабілетті адамдарының негізгі бөлігі жұмыс істейді. Білікті кадрлар да негізінен осында шоғырланған. Кәсіпорында қажет өндіріс қорларын тиімді пайдалану, жоғары сапалы техника мен технологиялар енгізу сұрақтары қарастырылады. Мұнда өндіріс шығындарын ең төменгі мәнге жеткізу, бизнес-жоспарларды құру, маркетинг шараларын жүргізу, нәтижелі басқару әдісі, менеджментті қолдану әдістері іске асырылады.

Оқыту нәтижелері:

«Экономика және кәсіпкерлік негіздері» курсын зерделеу нәтижесінде студенттер:

- макроэкономикалық реттеу жүйесіндегі кәсіпкерлік субъектілерінің жұмыс істеу заңдылықтарын ұғынады, бағалайды және қазіргі заманауи жағдайды ескере отырып, олардың дамуын болжайды;

- Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті жүргізудің заңнамалық және ұйымдық

басқару тетігін меңгереді, оларды кәсіби деңгейде корпоративтік жұмыста пайдалана алады;

- бизнес-идеяларды ойлап табуға, оларды тәжірибелік іске асыру мүмкіндіктерін өлшеуге, қаржылық көрсеткіштер жүйесін қолдану негізінде кәсіпкерлік қызметті жоспарлауды және болжауды жүзеге асыруға; бизнес-жоспарларды жобалауға және әзірлеуге; субъектінің экономикалық жай-күйін және оның даму келешегіне ағымдағы бағалауды жүзеге асыруға қабілетті болады.

Қалыптасатын құзыреттер:

- кәсіпкерлік қызмет тәуекелдерін бағалау дағдыларын және дағдарысқа қарсы басқару әдістерін меңгереді, қазіргі заманауи ақпараттық технологияларды қолдану және көп нұсқалы есептеулерге негізделген басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті болуы;

- кәсіпкерліктің бірлескен ортақ жауапкершілігінің қағидаттарын ескере отырып, әртүрлі талдамалық әдістерді пайдалануға, өзекті ақпараттарды талдай білуге, шешімдер қабылдауға және олардың салдарын бағалай алады;

- кәсіпкерлік құрылымдарды жедел және стратегиялық басқару әдістерін кәсіби қызметте қолдана алады.

Модуль коды: ӘГ-2

Модуль атауы: Әлеуметтік-гуманитарлық

Пән атауы: Қоғамтану білімі (пәнаралық білім)

Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері

Пререквизиттер:**Постреквизиттер:**

Мақсаты: Бұл курстың мақсаты заң ғылымының нәтижелерімен, қоғамдық қатынастардың дамуындағы мемлекеттің және құқықтың рөлімен таныстыру, нормативтік заң актілерін білуге үйрету және сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері – қазақстандық құқықтың негізгі салалары мен институттары: конституциялық; әкімшілік; азаматтық; қаржылық; қылмыстық; іс жүргізу; еңбек; кәсіпкерлік; экологиялық құқық туралы сипаттайды. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің заңнамалық негіздерін зерделейді. Білім алушылардың құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

Пәнді оқығаннан кейін Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі, мемлекет, мемлекеттің нысандары, билік тармақтары, мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен күрес тәралы білім алады. Нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс жасау дағдылары қалыптасады.

Қалыптасатын құзыреттер: Теориядағы дағдыларын тәжірибеде қолдану. Кәсіби қызметте арнайы құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет сынды құзыреттерді пайдалану

Модуль коды: ӘГ-2**Модуль атауы:** Әлеуметтік-гуманитарлық**Пән атауы:** Қоғамтану білімі (пәнаралық білім)

Ілиястану

Пререквизиттер:**Постреквизиттер:**

Мақсаты: Ілияс Жансүгіров шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

Қысқаша сипаттамасы: Ілияс Жансүгіровтің өмір жолы, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипаты, ақындық әлемі, өлең өнеріндегі қайталанбас өзгешелігі мен шеберлігі; еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуы және оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен проза жанрында теңдессіз дүниелер тудырғандығы, әдеби мұрасының аударма арқылы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігі, ақын шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалы қарастырылып, Ілиястың ақындық дәстүрінің негізгі арналарын сараптап, ақындық мектебін айқындап, оның ақындық айналасын ғылыми жүйеленіп берілуінің маңызы мен мәнін студенттің ғылыми негізде ұғынуына және тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең таныуына бағытталған. Ілияс мұрасының зерттелу жайы, қазіргі ілиястанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілді.

Оқыту нәтижелері:

- Ілияс Жансүгіров туындыларымен танысып, ондағы дәуір демін, қоғам шындығын айқындай біледі; прозалық туындыларындағы көркем образ, әдеби характер, әдеби тип, реализм, романтизм, жазушы стилі сияқты әдеби ұғымдардың негізгі белгілерін ажыратады;

- оқылған шығармалардағы қоршаған орта мен жағдайларға байланысты шығарма кейіпкерлерін салыстыра отырып талдай алады, шығармада көтерілген келелі мәселелерді, тақырыбын, көркемдік ерекшеліктерін салыстыра отырып, қарастыра алады;
- тиісті деректерді келтіре отырып, пікір алмасуларда, диспуттарда өз көзқарасын, пікірін дәлелдей алады, әдеби сын – зертеулерге тезис және конспект жасай біледі.

Қалыптасатын құзыреттер:

- эстетикалық талғам тұрғысынан әдеби шығармаларға жанрлық, идеялық-тақырыптық, көркемдік-бейнелеу тәсілдері тұрғысынан талдай білу дағдысын игерген;
- ойлау мәдениеті жоғары және дүниетанымы кең жоғары білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал ететін әдебиеттану саласы бойынша базалық білімді меңгерген; алған теориялық білімін кәсіби қызметінде тиімді қолдана алады.

Модуль коды: БҚК 1-4

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 1

Пән атауы: Лингвистика негіздері

Пәннің пререквизиті:

Пәннің постреквизиті:

Мақсаты: «Лингвистика негіздері» курсының ең негізгі мақсаты – қазақ тілінің құрылымдық жүйесін құрайтын фонетика, морфология, лексикология, сөзжасам, синтаксис бөлімдерінің әрқайсысына тән объектілерінен теориялық және практикалық ғылыми тұрғыда жүйелі мәлімет беру. Қазіргі қазақ тілі жайлы ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты білімгерлерді ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыру. Сондай-ақ курсқа байланысты ғылыми еңбектерді, пікірлерді, көзқарастарды талдап, талқылай білу, ұғымдарды, терминдерді меңгеру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Лингвистиканың зерттеу нысанын, қалыптасып, даму тарихын, басқа ғылымдармен байланысын; тілдің қоғамдық мәні және оның жүйесі мен құрылымын; тілдің шығуы және тілдердің жасалуы мен дамуын зерттейді; тілдердің пайда болуы туралы теорияларды, жасанды тілдерді; тілдердің генеологиялық, типологиялық классификациясын; тіл білімінің салаларын, олардың зерттеу нысанын қарастырады.

Оқыту нәтижелері:

- Қазақ тілінің құрылымын, фактілерін ғылыми терең түсіне алады, ана тілінің туыс тілдермен генетикалық жақындығын біліп, типологиялық тұрғыдан жіктелу ерекшелігін тани алады;
- тілдің шығуы туралы теорияларды саралап, тілдің шығуына қатысты өз көзқарасын дәлелдей алады;
- қазақ лингвистикасының салаларын (фонетика, морфология, синтаксис т.б.) жүйелеп, олардың әрқайсысының зерттеу аспектісін, терминдердің анықтамасын біледі;
- сөздің тура және ауыспалы мағынасын, еркін тіркес пен тұрақты тіркесті бір-бірінен ажыратып, сөздің шығу тарихын халықтық және ғылыми этимология тұрғысынан зерделей алады;
- тіл білімі бойынша теориялық, практикалық бағытта алған білімдеріне қатысты өз көзқарасын, пікірін дәлелдей, тұжырымдай алады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: тіл білімінің басқа ғылым салаларымен байланысын ажырата алады, тілдің шығуы туралы теорияларды меңгереді, тіл білімінің салаларының (фонетика, лексикология, морфология, синтаксис) ерекшеліктерін және зерттеу аспектісін біледі,

жазу және оның даму кезеңдерін, тілдің шығуы туралы теорияларды талдап өзіндік дәлелді пікірлерін ұсына алады.

Модуль коды: КҚК 1- 6

Модуль атауы: Кәсіби құзыреттілік 1

Пән атауы: Кәсіби бағытталған орыс тілі

Пәннің пререквизиті: Қазақ (орыс) тілі

Пәннің постреквизиті: Іскерлік қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті

Мақсаты: Кәсіби лексикаға билингвалды көзқарасты қамтамасыз ету, білім алушылардың кәсіби тіл лексикасын қалыптастыру, коммуникативті-сөйлеу компетенциясын кеңейту және тереңдету мақсатында кәсіби бағытталған орыс тілінде оқу, сөйлеу, аудару және жазу істей білулерін дамыту. Мамандық бойынша терминологияны терең ойлануды және бекітуді қамтамасыз ететін арнайы лексиканы оқу нәтижесінде білім алушының кәсіби сөйлеуін жеткізу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Орыс тілі коммуникативтік үдерістің негізгі белгілері, құрылымы, прагматикалық тілдік бірліктер деңгейі-сөз, сөз мағынасы, сөйлем, мәтін түрлері, пайымдаудың түрлері, кәсіби салаларда іскерлік қарым-қатынас жасау мәселелері қарастырылады. Кәсіби ақпараттарға бағытталған ғылыми мәтіннің, терминнің құрылымы, логикалық және бейнелік анықтаулар, кітаби лексика, мамандық бойынша мәтінмен жұмыс, тілдік норма түсініктері мен интернационалдық кірме сөздер меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері: Кәсіби орыс тілінің коммуникативтік функцияларының жүйесін және күнделікті қарым-қатынаста кәсіби тіл бірліктерін қолдануында негізгі талаптарды білуі тиіс;

- кәсіби орыс тілінде сөйлеуді ұйымдастыру тәсілдерін және әдістерін, сөйлеу этикет ережелерін, сөйлеу және қатынасу мәдениетін меңгеру тиіс;
- ойын қалыптастыруда кәсіби тіл құралдарын дұрыс пайдалануды игеру тиіс;
- орыс тілінде кәсіби терминдерді, кәсіби сөздер мен сөзтіркестерін дауыстап айтуды; кәсіби лексиканы жазба және ауызша қолдануды; кәсіби бағытталған тақырып бойынша диалог және монолог жүргізуді; кәсіби сөйлеу бірліктерін өздік оқу, жазу, айту, тыңдау және түсіну, аудару қолдана алуы тиіс.

Қалыптасатын құзыреттер:

Сөйлеу актілерінде жиі қолданылатын тілдік бірліктер мен кәсіби лексика қорын анықтауға, оқытудың жүйелілік қағидасын басшылыққа ала отырып, материалдарды ұсынудың тиімді жолдарын анықтауға мүмкіндік береді;

- студентті әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында қарым-қатынасқа түсу іскерлігін жетілдіреді;
- студенттер түрлі ғылыми зерттеу жобаларын, практикалық жоба түрлерін дайындауды, топ алдында өз ойын ұсынуды, қарсыластармен жұмыс істеу әдісін, сұрақтарға жауап беру тәсілдерін меңгереді.

Модуль коды: КҚК 1- 6

Модуль атауы: Кәсіби құзыреттілік 1

Пән атауы: Кәсіби бағытталған шетел тілі

Пәннің пререквизиті: Шетел тілі

Пәннің постреквизиті: Іскерлік қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті

Мақсаты: «Кәсіби бағытталған шетел тілі» шетел тілінде (ағылшын) кәсіби ауыз және жазбаша қатынаста жеткілікті болатын студенттердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға себепші болады. Берілген әлеуетті іске асыру үшін келесі шараларды сақтау қажет: шетел тілінде сөйлеу ісінің мақсаттарын нақты тұжырымдау; осы істің әлеуметтік және кәсіби бағытталуы; жеке тапсырмаларды шешуде білім алушылардың

қанағаттанушылығы; білім алушыларды жеке тапсырмаларды шығармашылық амалмен шешуін қалыптастыру; оқу ұжымындағы қолайлы психологиялық ахуал.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Кәсіби, қоғамдық-саяси қатынас салаларындағы ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшелігін; кәсіби-себептелген жағдайлар шеңберінде шетел тіліндегі мәтінді құру мен ұйымдастырудың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін; кәсіби қатынас саласындағы шетел тілінің сөздік құрамының стилистикалық ерекшеліктерін; әлеуметтік факторларға, қатынас жағдайына, әңгімелесушінің мәртебесіне және оның коммуникативтік ниеттеріне сәйкес түрлі тілдік және сөйлесу құралдарын қолдануды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

Студент білім алу курсы аяқтағанда білуі тиіс:

- ағылшын тілінің кәсіби лексикасын;
- нақты бір кәсіпке тән фонетикалық құбылыстар білімін, грамматикалық түрлерді, сөз құрау тәртіптерін, лексикалық бірліктерді, терминологияны қамтитын тілдік ілім мен білімдерді.

Қалыптасатын құзыреттер:

Студент білім алу курсы аяқтағанда сөйлеу қызметінің келесі түрлерімен білуге икемі болуы керек:

- Айтылым: әңгімелесу, нақтылы тақырып бойынша кәсіби сипаттағы мәліметпен мақсатты түрде тілдесу;
- Оқылым: әртүрлі функционалдық стильдер және жанрлардың жарияланымдарын оқудың барлық түрлерін білу;
- жазылым: реферат мазмұнамасы, мазмұндай алу іскерлігінде байқалатын кәсіби жазбаша қарым-қатынас үшін;

Модуль коды: КҚК 1- 6

Модуль атауы: Кәсіби құзыреттілік 1

Пән атауы: Іскерлік қазақ тілі

Пәннің пререквизиті: Лингвистика негіздері

Пәннің постреквизиті: Қазақ тілінің стилистикасы

Мақсаты: Студенттерді іскерлік салаға қатысты сөздермен таныстыра отырып, сөздерден сөз тіркестерін, сөйлем құрастыруды үйретіп, іскери жағдаятқа қатысты мәтін құрастыра білуге, қазақ тілінде іс қағаздар жүргізуге үйрету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Ауызша және жазба іскери сөз әдебі, келіссөз жүргізу, іскерлік кездесуде өзін-өзі ұстауды, таныстырылым, тұсаукесер өткізу дағдыларын; келіссөз жүргізу әдебін қарастырылады. Кәсіби іскерлік қарым-қатынас барысында үйлесімді сөйлеу және мінез-құлық стратегиялары мен тактикасын сауатты пайдалануды қалыптастырады. Қазақ тілінде іс қағаздар жүргізуді, құжат түрлерін, жіктелісін, деректемелерін, қазақ тілінде электронды құжат айналымды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- Ауызша және жазба іскери сөз әдебін біледі;
- іскерлік кездесуде өзін-өзі ұстау этикетін меңгереді;
- кәсіби іскерлік қарым-қатынас барысында үйлесімді сөйлеу және мінез-құлық стратегиялары мен тактикасын сауатты пайдалануға дағдыланады;
- іскери құжат түрлерін, толтыру шарттарын меңгереді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға, іскерлік келісімдерді жүргізе білуіге, іскер адамның имиджін қалыптастыруға дағдыланады.

пәндік:

- құжаттармен жұмыс жасауды біледі;

- іскерлік қазақ тілінің теориясын меңгереді;
- іскерлік құжаттарды рәсімдеп, жазылу стиліндегі ерекшеліктерді танып біледі;
- меңгерген білім, білігін кәсіби тәжірибе, зерттеулер барысында қолданады.

Модуль коды: БҚК 1-4

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 1

Пән атауы: Қазіргі қазақ тілі фонетикасы

Пәннің пререквизиті: Лингвистика негіздері

Пәннің постреквизиті: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Мақсаты: қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, фонетиканың салалары мен зерттеу әдістері, дыбыстардың классификациясы мен емлесі, қазақ жазуының тарихы, орфоэпия мен орфография, қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары жайлы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Дыбыстау аппараты, дыбыс пен фонеманың арақатынасы, аллофон, архифонема түсініктерін қамтиды. Вокализм, консонантизм, олардың классификациясы; эксплозив, фрикатив, альвеоляр; лабиаль, денталь, лингваль, фрикатив дауыссыздар; транскрипция, оның түрлері, буын, екпін, үндестік заңы, ықпал түрлері, фонетикалық құбылыстар және олардың түрлерін қарастырады. Орфография, орфоэпия, графика, жазу тарихы, жаңа қазақ әліпбиі жайлы білім беруге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

- фонетиканың зерттеу нысанын, даму, қалыптасу жолын; қазақ фонетикасының зерттелу жайын; фонетиканың салалары мен зерттеу әдістерін; қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, оның құрамын, жіктелуін; буын мен екпін түрлерін; үндестік заңы: буын үндестігі мен дыбыс үндестігі арқылы қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктерін; фонетикалық құбылыстарды; орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды; қазақ жазуының тарихын меңгеруі тиіс;
- дыбыстарға талдау жасау кезінде студент фонетикалық терминдерді түсініп, орынды қолдана алуы қажет;
- дыбыс, фонема, әріптердің бір-бірімен байланысын ажыратуы керек;
- қазақ тілінің дыбыстық құрамына, әр дыбыстың жасалу орнына, жасалу жолына, жасалу тәсіліне қарай талдау жасап, әр дыбысқа жажетті толық мінездеме беріп, олардың табиғатын дұрыс тануға тиіс;
- шектік өзгерістер, олардың түрлерін; игерулі өзгерістер, тарихи өзгерістер сияқты дыбыстық үдерістерді табуды үйренуі, дыбыс өзгерістерінің пайда болу себептерін түсіндіруі қажет;
- тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық құрылысына байланысты фонетикалық заңдылықтардың ерекшеліктерін саралауға тиіс.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- гуманитарлық ғылымдардың даму заңдылықтарын біледі;
- тіл білімі салаларының өзіне тән белгілерін, сөйлесімдегі міндеттерін біледі;
- тіл біліміне қатысты жаһандық мәселелерді талдай алады;
- қарым-қатынас мәдениетін меңгерген;
- инновациялық технологияларды қолдана алады.

пәндік:

- фонетиканың салалары мен зерттеу әдістерін біледі;
- қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, оның құрамын, жіктелуін түсіндіре алады;
- қазақ тілінің фонетикасы бойынша білімді бағалай алады;
- фонетикалық, фонологиялық талдаудың жолдарын үйрету негіздерін біледі және талдау ерекшеліктерін түсіндіре алады;
- педагогикалық шешендік талаптарына сай орфоэпиялық норманы сақтап сөйлейді;

- өздігінен қазақ тілінің фонетикасына қатысты зерттеу жасай алады.

Модуль коды: БҚҚ 1-4

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 1

Пән атауы: Қазақ жазуының тарихы мен емлесі

Пәннің пререквизиті: Лингвистика негіздері

Пәннің постреквизиті: Қазақ тілінің стилистикасы

Мақсаты: Жазу және жазба тіл, жазба тіл мен ауызекі сөйлеу тілі, олардың өзіндік ерекшеліктері, жазудың түрлері, көне түркі жазуы, араб негізді жазу, латын негізді жазу, қазақ тілі графикасының дамуындағы кезеңдер жайында теориялық білім беру, оны практикамен ұштастырып, аталған графика түрлерін меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Жазудың маңызы, қызметі, даму тарихы (пиктографиялық идеографиялық, буын, әріптік жазу), фонема, графема ұғымдары, жазудың негізгі категориялары, үндесім заңы және қазақ жазуын қарастырады. Қазақ жазуының тарихы, емле ерекшеліктері, негізгі орфографиялық қағидалар, ғалымдардың емле ережелері жайлы тұжырымдары, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселелерін сипаттайды. Жаңа емле ережесі бойынша білім беруге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

- Пән бойынша «Жазудың маңызы мен бүгінгі күн тұрғысынан қызметі. Жазба тіл мен тілдік жүйе арасындағы қатынас.
- Әліпби және әліпбидегі әріп пен фонема қатынасы.
- Көне түркі жазуының әліпбиі, графикасы, орфографиялық ерекшеліктері.
- Араб графикасына негізделген қазақ жазуының ерекшеліктері.
- Латын графикасына негізделген қазақ жазуының әліпбиі мен емле ережесі.
- Латын графикасына өтудің тілдік және тілдік емес себептері.
- Орыс графикасына негізделген қазақ жазуының әліпбиімен емле ережесі. Орыс әліпбиі негізінде алғашқы жобаларының авторлары.
- А.Байтұрсынұлының төте жазуы, емле ұстанымы, орфограммалау тәсілдері.
- Қазақ тіліндегі дыбыс, буын үндестігі және емле мәселелері. Қазақ орфографиясының негізгі ережелері.
- «Қазіргі қазақ орфографиясының негізгі принциптері» туралы теориялық материалдар меңгертіледі.
- Қазақ тілінің емле ережелері меңгертіледі, практикада пайдалану дағдысы қалыптастырылады; жазудың орфографиялық нормаларын кәсіби қызметте қолдана білу дағдылары қалыптастырылады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: Сыни тұрғыдан ұғынылған ақпараттар негізінде саналы шешім қабылдауға; өз бетінше мақсат қоюға және оны негіздеуге, мақсатқа жету үшін танымдық қызметті жоспарлауға және жүзеге асыруға дағдыланады.

пәндік:

- Қазақ тілі графикасының даму, қалыптасу жолы бойынша теориялық материалдарды біледі.
- Арнайы терминдер мен түсініктерді дұрыс және оңтайлы пайдалана алады.
- Көне түркі, төте жазу, орыс тілі негізді жазу, латын негізді жазулардың қазақ жазу мәдениетіндегі орнын саралай алады, оң және теріс әсерін бағамдайды.
- Қазақ жазуының тарихы жайлы ғылыми ақпараттарды түсіндіре алады, осыған орай әртүрлі ақпарат көздерін талдайды әрі пайдалана біледі.
- Тақырыпқа байланысты таныс және стандартты емес жағдайларды ажырата біледі және оны қолдана алады.
- Меңгерген білім, білігін кәсіби тәжірибе, зерттеулер барысында қолданады.

Модуль коды: БҚК 1-4

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 1

Пән атауы: Алаш дәуіріндегі тілтанушылар

Пәннің пререквизиті: Лингвистика негіздері

Пәннің постреквизиті: Қазақ әдеби тілінің тарихы

Мақсаты: Пәннің негізгі мақсаты Алаш дәуіріндегі тілтанушы ғалымдардың өмірі мен шығармашылығы, еңбектері және тіл біліміне қосқан үлесі, ұсынған ғылыми тұжырымдары, қарастырған өзекті мәселелерімен танысу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Алаш дәуіріндегі тілтанушылардың қазақ тілінің грамматикасы, алфавит, орфография, терминология, түркі тілдері, тіл мен таным, әдістемеге қатысты ғылыми тұжырымдарын игерту көзделеді. Ғалымдардың тіл дыбыстарын жіктеуі, қазақ әліпбиін жасауы, тіліміздің грамматикалық құрылымы, грамматикалық категориялар, сөз таптары, олардың категориялары, құрмалас сөйлем, түрлеріне қатысты еңбектерінің мазмұны, олардың маңызы мен мәні қарастырылады. Алаш тілтанушыларының фонетика саласындағы; морфология саласындағы; синтаксис саласындағы; терминология саласындағы еңбектерін қамтиды.

Оқыту нәтижелері:

- Алаш дәуіріндегі тілтанушы ғалымдарды, олардың ғылыми еңбектері мен зерттеу мақалаларын оқып біледі;
- ғалымдардың тіл дыбыстарын жіктеуі, қазақ әліпбиін жасауы, терминжасамға қосқан үлесімен таныс болады;
- тілтанушылардың лингвистиканың қай саласына қатысты тұжырым жасап, пікір білдіргенін бағамдайды;
- алаш дәуіріндегі тілтанушы ғалымдар және тіл білімінің өзекті мәселелері тақырыбындағы материалдарды танып біледі.

Қалыптасатын құзыреттер: алаш тілтанушылары туралы тақырыптарда еркін өз тұжырымын айта алады; лингвист ғалымдардың еңбектеріне талдау жасай алады; ғалымдардың лингвистиканың әр саласына қатысты зерттеулерін саралай алады.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық-бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: Фольклор тарихы

Пәннің пререквизиті:

Пәннің постреквизиті: Көне түркі және ақын-жыраулар поэзиясы

Мақсаты: Қазақ ауыз әдебиетінің – халқымыздың бай да, асыл қазынасы екендігін студенттерге ұғындыру, фольклористика ғылымы туралы білік дағдысын дамыту. Ежелгі замандағы рухани мәдениеттің көркем үлгілері еңбек фольклоры мен ғұрыптық фольклор түрлері туралы білім беру.

Батырлық жырдың жанрлық белгілері, көркемдік ерекшеліктері және зерттелуі, олардың көркем үлгілері туралы білім беру, патриотизмге, елді сүйуге тәрбиелеу. Хандық дәуірдің өшпес мұралары – аңыз, әпсаналар мен хикаяттардың көркем үлгілері, жанрлық ерекшеліктері, зерттелуі туралы білім беру, студенттерді ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Хандық дәуірдегі шешендік сөз, мақал-мәтел, жұмбақ-жаңылтпаштар, олардың жанрлық ерекшеліктері, жиналуы мен зерттелуі жайында білім беру, студенттерді шешен де шебер сөйлеуге, көркем тілдің кестесін меңгеруге тәрбиелеу.

Халық әдебиетіндегі тарихи жырлар, олардың көркем үлгілері, жазба әдебиетімен байланысы туралы білім беру. Тарихи жырлардың көркемдік ерекшеліктері, сюжеттік құрылымы және жиналуы, зерттелуі туралы ұғындыра отырып, жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беруді мақсат етеді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Фольклордың ауызша сөз өнері ретіндегі табиғаты, ерекшеліктері, жазба әдебиетпен арақатынасы, фольклордың зерттелу тарихы жөнінде білім беруге бағытталған. Фольклор, халық даналығы, ауызша сөз өнері, ауыз

әдебиетінің туу, таралу, сақталу ерекшеліктері қамтылады. Фольклор жанрлары, классификациялау принциптері, тұрмыс-салт жырлары, лирикалық өлеңдер, халықтық проза түрлері, эпос, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар фольклоры қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

- қазақ фольклорының тарихи кезеңдерін, қалыптасу, даму жолдарын, зерттелуін, утилитарлық (қолданбалы) функциясын, синкреттілігін, танымдық әрі эстетикалық қызметін саралай алады;
- қазақ фольклорын жанрлық түрлерге жүйелеп, (мифтер, хикаялар, ғұрыптық фольклор, ертегілер, әпсаналар мен хикаяттар, аңыздар мен шешендік сөздер, батырлық және ғышықтық жырлар, айтыс т.б.), әр жанрлық түрдің функциональдық қызметі мен поэтикалық ерекшеліктерін сипаттай алады;
- рухани мәдениеттің көркем үлгілері еңбек фольклоры мен ғұрыптық фольклордағы дәстүрлі дүниетанымның, әдет-ғұрыптар мен салт дәстүрлердің рөлін көрсете алады;
- фольклорлық шығармалардың көп нұсқадағы мәтіндерімен танысып, жазба әдебиеттің қалыптасуына әсер-ықпалын зерделей алады;
- ауыз әдебиетін тудырушы, қалыптастырушы, таратушылардың (абыз, сәуегей, ақын, бақсы, жырау, сал-сері т.б.) шығармашыл тұлғасын, өз заманындағы қоғамдық-әлеуметтік рөлін айқындай алады;
- фольклор бойынша теориялық, практикалық бағытта алған білімдерін пікір алмасуларда, диспуттарда өз көзқарасын, пікірін дәлелдей білу үшін тиімді қолдана алады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: алдын-ала дайындаған баяндамаларымен, рефераттарымен көпшілік алдында өз ой-толғамын, өзінше түйіндеулерін келтіре отырып (дискуссия) еркін сөйлей біледі; әдеби сын- зерттеулерге тезис және конспект жасай біледі. Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын; объективтік және негізгі идеяларды ажыратып, өлең сөздің теориялық негіздерін: ұйқас, шумақ, бунақ, сондай-ақ әлем әдебиетіндегі өлең жүйелерін: силлабикалық, метрикалық, тоникалық өлең өлшемдерін ажырата алады; көркем әдебиеттің танымдық-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, ұлттық сипаттарын айқындап, талдауға ұсынылған шығарма туралы пікір жазып, өзіндік ой толғап, бағалай алады.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық-бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: Көркем шығарма поэтикасы

Пәннің пререквизиті:

Пәннің постреквизиті: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: Көркем шығарма поэтикасын меңгерту арқылы студенттерді ұлттық әдебиеттің жеткен жетістіктерімен, шығарманың тақырыбы мен сюжеті, жазылу стилі мен оның жазылуына себеп болған оқиға, тақырыптармен таныстыру, талдау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Әдеби тек, түрдің, ағым, бағыттың, стиль, әдістің ерекшеліктерін, көркемдік тұтастық деңгейлерінің ішкі байланыс заңдылықтарын зерттейді. Қазіргі қазақ прозасы, поэзиясының даму бағыттарын; қазіргі қазақ жазушыларының шығармашылық ерекшеліктерін; қазіргі қазақ прозасы, поэзиясындағы басты тақырыптар табиғатын; поэтикасын; дәстүр мен жаңашылдықты, ұлттық-рухани мұраттарды, тілдік-стильдік құбылыстарды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- әр кейіпкерге мінездеме беру;
- типтік образдардың сипатын танытатын кілтін таптыру;

- тақырып, мазмұн, идея деген ұғымдарды саралаттыру;
- тарихи романдардағы кейіпкерлердің қажырлы істері, батырлық, ерлік дәстүрлері арқылы студенттерді отан сүйгіштікке, патриотизмге баулу.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: жас ұрпаққа дүниетаным, тіршіліктің ғылыми философиялық діни негіздері туралы білім беру; ұлттық әдебиеттің жалпы даму жолы, белесті кезеңдері, көркемдік мәселелері жнінде өзіндік пікір білдіру.

пәндік:

- Шығарманың көркемдік ерекшеліктерін айқындай білу;
- көркем шығарманың көркемдік компоненттерін ажырату;
- әдеби тек, түрдің, ағым, бағыттың, стиль, әдістің ерекшеліктерін, көркемдік тұтастық деңгейлерінің ішкі байланыс заңдылықтарын саралай алады.

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Қазақ тілінің стилистикасы

Пәннің пререквизиті: Іскерлік қазақ тілі

Пәннің постреквизиті: Функционалды грамматика

Мақсаты: Студенттерді стилистиканың негізгі мәселелерімен, стильдерді тілдік ұйымдастыру ұстанымдарымен, тілдік құралдарды сөйлеуде қолдану заңдылықтарымен таныстыру. Бұл пән студенттер мен оқушылардың сөйлеу мәденетін қалыптастыруға көмектеседі.

Пәнге қысқаша сипаттама: Фонетикалық, лексика-фразеологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік стилистиканы, қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерін, стильдік қатенің түрлерін қарастырады.

Стилистиканың ұғым-категорияларын, зерттеу әдістерін, қазақ тілінің стилистикалық құралдарын, стилистикалық мағына және синонимдерді меңгертуге бағытталған. Тілдік-стилистикалық мәдениетті қалыптастырады.

Оқыту нәтижелері:

- стилистиканың негізгі бағыттары мен аспектілерін, қазіргі қазақ тілі стилистикасының теориялық негіздері қарым-қатынастың бірден-бір құралы ретінде танылатын тілдік бірліктерді қолданыстық, қызметтік (функционалды) тұрғыдан меңгереді;
- қазіргі қазақ әдеби тілінің функционалды стильдерін, көркем әдебиет стиліндегі сөз, сөз тіркестерінің, сөйлемдердің қолданысын, ресми стиль жанрларын, тілдік-стильдік белгілерін, ауызекі сөйлеу стилі ерекшелігін, ғылыми стильдің тілдік ерекшеліктерін, публицистикалық стиль, оның хабарлама функциясын біледі;
- тілдік категориялардың стильдік қызметін, тілдік құралдардың стилистикалық бояуын мәтін негізінде талдап, саралай алады;
- лингвостилистиканың ғылыми жаңаруының үрдісін айғақтайды, дамудың жаңа бағыт-бағдарларына сүйенеді;
- тілдік бірліктердің қызметін сөйлеу актісімен, прагматикамен байланыстыра қарастыра алады;
- белгілі бір қарым-қатынас аясындағы тіл бірліктерінің стильдік қызметін айқындайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің өз ойын дұрыс жеткізе білуі, ойын қағазға түсінікті де айқын түсіре алуға даярлау.

- мектеп шәкіртінің жазба жұмыстарындағы фонетикалық немесе грамматикалық қателерін таба біліп, стильдік қателерді болдырмау жолдарын көрсету.

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Қазақ әдеби тілінің тарихы

Пәннің пререквизиті: Қазақ жазуының тарихы мен емлесі

Пәннің постреквизиті: Көркем мәтінге лингвистикалық талдау

Мақсаты: әдеби тіл ұғымы, сипаты, қоғамдық қызметі, түрлерін ажырата білуі; әдеби тілдің нормаларын меңгеруі; әдеби тілдің көркем әдебиетімен, функционалдық стильдермен арақатынасын ажыратуы; қазақ әдеби тілінің қалыптасуы және даму кезеңдері жөніндегі ғылыми көзқарастармен таныс болу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Әдеби тілдің ұлттық дәуірі мен оған дейінгі кезең арасындағы сапалық айырмашылықтарды, қазақ әдеби тілінің даму кезеңдерінің жіктелуін, қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдерге тарамдалуы, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілі сияқты мәселелерді қарастырады. Қазақ әдеби тілі жайындағы пікірлер, қазақ әдеби тілінің даму кезеңдері барысындағы айырмашылықтар, ұлттық жазба әдеби тіл мәселесі меңгеріледі.

Оқыту нәтижелері: болашақ филолог мамандардың ұлт тілінің ең жоғары даму көрсеткіші - әдеби тіл мен оның жалпыхалықтық тілін, ауызекі сөйлеу тілімен арақатынасы сияқты мәселелердің теориялық-практикалық негізін ұғыну аса маңызды болып табылады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- қазақ әдеби тілінің қалыптасуына негіз болған тарихи арналарды білуі;
- тарихи арналар мен қазақ әдеби тіліндегі тілдік дәстүр жалғастығын;
- қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы халықтық дәуірді;
- қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы ұлттық дәуірді біледі;
- қазақ әдеби тілінің даму кезеңдерін;
- қазақ әдеби тілінің әрбір даму кезеңдеріндегі әдеби тілдің сипатын, өзгерісін, дамуын, нормаларын меңгереді.

пәндік:

- қазақ әдеби тілі дамуының негізгі кезеңдерін білуі;
- түрлі кезеңдердегі мәтіндерде кезеңдерде кездесетін төл және тума бірліктердің қатынасын білуі;
- түрлі кезеңдердегі мәтінді сараптау дағдысына ие болуы.

Модуль коды: БҚҚ 1-4

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 1

Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Пәннің пререквизиті: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы

Пәннің постреквизиті: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Мақсаты: Қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы курсының ең негізгі мақсаты – қазақ тіл білімінің лексикология және фразеология саласы бойынша тыңдаушыларға жүйелі білім беру, алған білімдерін практикалық және лабораториялық дәрежеде пысықтап, толықтыру. Білімгерлерге қазіргі қазақ тілі лексикологиясы мен фразеологиясы туралы ғылыми-теориялық білім бере отырып, оның болашақта зерттелуге тиісті проблемаларына байланысты білімгерлерді ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Сөз мағынасының дамуы, семасиология; сөз және мағына, сөздің көпмағыналылығы, олардың пайда болу жолдары: метафора, метонимия, синекдоха; қазіргі қазақ тілі лексикасының құрамы, шығу арналары, қалыптасуы мен дамуы, сөздік құрамның тарихи арналары қарастырылады; қазақ лексикологиясының этимология, ономасиология; лексикография салалары бойынша білім беруге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

- Қазіргі қазақ тілі лексикологиясының объектісі мен міндетін, жіктелетін салаларын

ажыратады;

- Қазақ тілі лексикологиясының семантикалық сипатын, сөз бен мағына, оның түрлері мен типтерін, олардың пайда болу жолдарын меңгереді;

- Сөздік құрамының және қордың айырмасы, олардың толығу, даму жолдары, сөздік құрамының қолданылу сипатына қарап түрлері және олардың ерекшеліктері, актив, пассив сөздік құрам қатыстарының шарттары мен белгілерін ажыратады;

- Мәтінге лексикалық талдау жасауға үйренеді;

- Қазақ фразеологиясының зерттелуін, даму, қалыптасуы жайлы мәлімет бере алады.

Қалыптасатын құзыреттіліктер:

арнайы: этикалық құндылықтар жолын ұстану, ізгілікке бейім болу; жалпы тіл біліміндегі осы заманғы ғылыми концепцияларды меңгеру, оларды жұмыс барысында оңтайлы пайдалана білу.

пәндік: қазақ тілінің шығу тегі, атқаратын қызметі, зерттелу дәрежесі жайында жалпы мағлұмат беретін кіріспе бөлімнен басқа сөз, сөз мағынасы мен қазақ тілінің сөздік құрамы, фразеологиясы туралы толық ғылыми-теориялық білімнен және лексикологияның лексикография, этимологиясын меңгеру.

Модуль коды: КҚҚ 1-6

Модуль атауы: Кәсіби құзіреттілік 1

Пән атауы: Лингвистикалық зерттеу әдістері

Пәннің пререквизиті: Іскерлік қазақ тілі

Пәннің постреквизиті: Жалпы тіл білімі

Мақсаты: Студенттерді лингвистикадағы зерттеулердің кейбір жаңа әдіс-тәсілдерімен таныстыру, олардың зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Жалпы лингвистикалық әдістер тілдің теориялық зерттеу тәсілі мен әдістерін құрайтындығын, олар белгілі бір лингвистикалық теория мен ортақ әдістемеге сүйенетіндігін меңгерту көзделеді. Тіл аспектілерін зерттеуде белгілі бір теориялық қондырғыларға сүйенетін тәсілдер, әдістемелер мен операциялардың жиынтығы, олардың көмекші техникалық құрал ретінде қолданылуы (компонентті талдау, статистикалық талдау, эксперимент) қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

- Әр ғылымның тек өзіне ғана тән арнаулы зерттеу жолы, әдісі бар екенін білу;

- тіл біліміндегі салыстырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи әдіс, сипаттамалы әдіс, салғастырмалы әдіс, статистикалық әдіс, құрылымдық әдіс т.с.с. әдістердің анықтамасын меңгеру;

- лингвистикалық әдіснаманың бөлімдері арасында белгілі бір байланыс бар екендігі, әдіс танымның жалпы ғылыми ұстанымдарынан келіп шығады және жұмыстың тәжірибелік тәсілдерінің жиынтығында фактілер негізінде қарастыруда іске асатындығын білу;

- сыртқы және ішкі лингвистикалық әдістерді ажырата білу.

Қалыптасатын құзыреттер: Лингвистикалық әдістер тілдің теориялық зерттеу тәсілі мен әдістерін құрайтындығын біледі; лингвистикалық әдістердің түрлерін жүйелей алады; тіл біліміндегі зерттеу әдістерінің қандай тақырыпты зерттеуде тиімді екендігін ажыратып, әр зерттеу әдісін дұрыс таңдай алады.

Модуль коды: КҚҚ 1-6

Модуль атауы: Кәсіби құзіреттілік 1

Пән атауы: Лингвистикалық сараптама

Пәннің пререквизиті: Іскерлік қазақ тілі

Пәннің постреквизиті: Жалпы тіл білімі

Мақсаты: Лингвистикалық сараптаманың анықтамасы, мақсат-міндеттері және құрылымы, сонымен қатар құқықтық баға берілуге тиіс мәтіндерге сараптама жасау тәсілдері мен ұсыныстарды; лингвистің сарапшы ретіндегі, яғни берілген мәтіндерге қорытынды жасайтын маман ретіндегі, қызметіне талдау жасаумен таныстыру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Құқықтық кеңістіктегі тіл мен сөйлеу мәтіндерін саралау, жүйелеу; заң құжаттарына лингвистикалық сараптама; заңдық және нормативті-құқықтық актілерге ұсыныстар; заңдық мәтіндерді аударма; құқықтық баға берілуге тиіс мәтіндерге сараптама; дәлелдік ақпарат алудың тәсілі немесе құралы қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

- лингвистикалық сараптаманың нысаны – мәтін екендігін білу;
- лингвистикалық сараптама өндірісі тіл теориясында осы уақытқа дейін қалыптасқан лингвистикалық нысандарды зерттеудің тіл біліміндегі әдістемелерін негізге алатындығын білу;
- лингвист-сарапшының негізгі қызметі мен міндеттерін білу.

Қалыптасатын құзыреттер: Лингвистикалық сараптама жасаудың әдістері мен шарттарын біледі; мәтінге лингвистикалық сараптама қорытынды шығарып жаза алады; заңдық мәтіндерді талдап, тұжырым шығара біледі.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: Көне түркі және ақын-жыраулар поэзиясы

Пәннің пререквизиті: Фольклор тарихы

Пәннің постреквизиті: Түркі халықтары әдебиеті

Мақсаты: Студенттерді ежелгі дәуір мен хандық дәуірдегі әдебиетінің негізгі өкілдерін, олардың еңбектерін таныстыра отырып; бүкіл түркі тілді халықтарға ортақ әдебиеттің (ҮІ-ХҮ-ғасырлар) және ХҮ – ХҮІІІ ғғ. жыраулар поэзиясының негізгі ағымын көрсету; тарихын меңгерту; шығармалардың ішкі мазмұнын игерту; кейіпкерлердің алар орнын айқындау.

Қысқаша сипаттамасы: Білге Қаған, Қорқыт, Ахмед Йүгінеки, Ахмет Яссауи, Сүлеймен Бақырғани, Хорезми, Құтб, Сайф Сарай, Дүрбек, шығармашылығы, ХҮ – ХҮІІІ ғасырларда өмір сүрген жыраулар өмірі мен шығармашылығы қарастырылады. Жыраулар мен ақындар поэзиясының өзіндік даму ерекшеліктері, басылу жайы мен зерттелуі, оның кейінгі кезеңдегі әдебиетке әсері, шығарманың идеялық-тақырыптық негізі, тілдік-көркемдік табиғаты сипатталады.

Оқыту нәтижелері:

- Оқытушының ұсынысы бойынша жаттауға, оқуға ұсынылатын мәтіндер мен шығармаларды жатқа білуі;
- Оқылған шығармалардағы кейіпкерлердің рөлі мен орнын, сондай-ақ, қаһарман характерінің қоршаған орта мен жағдайларға байланысты қалыптасуын, сомдалуын ашып көрсете білуді; Автордың идеялық-адамгершілік концепциясын анықтау мақсатында оқылатын шығарма кейіпкерлерін салыстыра отырып қарастыруға дағдыландыру;
- Жанрды, шығармаларды, кейіпкерлерді, сондай-ақ оларда көтерген келелі мәселелерді, көркемдік ерекшеліктерін еркін талдауға үйрету;
- Тиісті деректерді келтіре отырып, пікір алмасуларда, диспуттарда өз көзқарасын, пікірін дәлелдеуге жаттықтыру;
- Белгілі бір мәселелерді нысана етіп, соны шешу, әрі жинақтап қорытындылауда көркем шығармалардан, негізгі эпизодтардан ішінара іріктеп алып, мәтінді логикалық жоғары дәрежеде ауызша және жазбаша ойын еркін жеткізуге тәрбиелеу;
- Алдын-ала дайындаған баяндама, рефераттарымен көпшілік алдында сөйлеуге машықтандыру, өз ой-толғамын, өзінше түйіндеулерін келтіре отырып (дискуссия) еркін ағытыла сөйлеуін, әдеби-сын, зерттеулерге тезис және конспект жасауға төселдіру;

- Қазақ әдебиеті тарихындағы ұзақ дәуірді қамтитын ежелгі және хандық дәуірдегі ақындарымыз бен тарихы тұлғаларымыздың өмірі мен шығармашылығынан хабардар болу.

Қалыптасатын құзыреттер:

- әлеуметтік-гуманитарлық ғылым саласында негізгі оқу мазмұнын білу, әлеуметтік жағынан қажетті проблемалар мен үрдістерді ғылыми тұрғыдан талдай білу, ғылыми әдістерді кәсіптік және әлеуметтік қызметтің әр алуан саласында қолдана білу;

- адамның адамға, қоршаған ортаға қарым-қатынасын реттейтін этикалық және құқықтық нормаларды білу, оларды экологиялық және әлеуметтік іс жобаларын әзірлеуде ескере білу;

- өзінің алдына кәсіптік міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мақсат қойып, оларды шешу үшін өзі оқып үйренген ғылымының әдіс-тәсілдерін пайдалана білу;

- өз еңбегін ғылыми негізде ұйымдастыра білу, кәсіптік қызмет саласында қажет ақпаратты жинау, сақтау мен сұрыптаудың компьютерлік әдістерін меңгеру;

- өзінің кәсіптік қызметінің түрі мен сипатының өзгеруіне, пән аралық жобалармен жұмыс істеуге әдістік және психологиялық жағынан дайын болу.

- мамандыққа тікелей қатысты мекемелер мен ұйымдарда әр түрлі шараларды ұйымдастыра білуге және басқаруға икемділігі болуы керек.

- меңгерген теориялық білімін іс жүзінде пайдалана білу, осы жолда жаңа технологияларды оңтайлы пайдалану.

- қазіргі мектеп білімінің мазмұнынан білім беруді ұйымдастыра білуі керек.

- әдебиеттану ғылымының, қазақ әдебиеті даму дәуірлерінің теориялық, практикалық мәселелерін жете игеруі керек.

- қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың озық әдістемелік тәсілдерін, бағыттарын білуі керек.

- әдеби тілдің тарихи негіздерін, даму кезеңдерін, жазба әдеби тілдің стильдерін білуі тиіс.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: Алаш дәуірі әдебиеті

Пәннің пререквизиті: Фольклор тарихы

Пәннің постреквизиті: Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет

Мақсаты: Алаш дәуіріндегі қазақ әдебиеті өкілдері, олардың шығармалары, әдебиеттануға қосқан үлестері, қазақ әдебиетінің қалыптасып, дамуына негіз болған еңбектерін меңгеру және олардың көзқарастарымен танысу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдай және ұлттық әдебиеттің дамуы; алаш дәуірі әдебиетінің өкілдері мен олардың шығармашылығы; қазақ әдебиетіндегі ұлт-азаттық идея; алаш әдебиеттануының қазақ әдебиеттану ғылымынан алатын орны; алаш әдебиеті және ұлт мәдениеті; алаш дәуірі әдебиеті жаңаша көзқараста қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

- Алаш дәуірі әдебиеті, әдебиет өкілдері, олардың шығармаларын меңгереді;
- Алаш әдебиетін қалыптастырушы ақын-жазушылардың қазақтың жазба әдебиетін тақырыптық-идеялық, жанрлық, көркемдік тұрғыдан байытуға үлес қосқандығымен танысады;
- алаш әдебиеттануының қазақ әдебиеттану ғылымынан алатын орнын айқындап, одан хабардар болады;
- алаш дәуірі әдебиеті жаңаша көзқараста қарастырылуы дуралы деректерді танып біледі.

Қалыптасатын құзыреттер: Алаш дәуірі әдебиеті, көтерген тақырыптары, жазған шығармалары туралы хабардар болады; алаш дәуірі әдебиеті өкілдерінің жазған

тақырыптарын оқып-саралай алады; әр шығарманың жазылу стилі мен тақырыбын, сюжеті мен әдебиеттану саласындағы орны туралы сыни-пікірлерді талдай, тұжырымдай алады.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Пәннің пререквизиті: Көне түркі және ақын-жыраулар поэзиясы

Пәннің постреквизиті: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Мақсаты: XIX ғ. қазақ әдебиеті – ұлттық сөз өнері тарихының елеулі бір кезеңін қамтитын пән. Пәннің мақсаты – XIX ғ. ақын-жырауларының шығармашылығын дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзияның табиғи сабақтастығы, көркемдік, стильдік жалғастық мәселелерін ғылыми-теориялық тұрғыдан түсіндіріледі.

Қазақ әдебиетінің әлемдік озық көркемдік әдістермен, жанрлық-стильдік шеберлік үлгілерімен үндестігіне де айрықша назар аударылады. Әлемдік әдеби дамудың ортақ заңдылықтарын игерген, жаңашылдықпен түлеген реалистік әдебиетіміздің алыптары шығармаларындағы көркемдік шеберлік сырлары да тереңдетіле оқытылады.

Пәнге қысқаша сипаттама: XIX ғасырдағы көрнек өнерінің тұтастығы (синкретизм), оның өкілдері: сал-серілер, әнші-ақындар шығармашылығы, ағартушылық, демократияшыл көзқарастағы ақын-жазушылар шығармашылығы, дәстүрлі айтыс өнері, нәзира дәстүрінің көріністері, зар заман поэзиясы қарастырылады. Жазба әдебиеттің дамуы, регресшіл және прогресшіл романтизм бағытындағы шығармалар, әдебиеттегі «атамекен» концептісі, XIX ғасыр әдебиетінің зерттелуі, шығармалардың идеялық-тақырыптық, поэтикалық ерекшеліктерін меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

-XIX ғғ. ақын-жырауларының шығармаларындағы дәстүрдің жалғастығы, шығармашылық табиғи байланыстарды ажырата алады.

- Жанрды, шығармаларды, кейіпкерлерді, сондай-ақ оларда көтерген келелі мәселелерді, көркемдік ерекшеліктерін еркін талдауға үйрете алады.

- Тиісті деректерді келтіре отырып, пікір алмасуларда, диспуттарда өз көзқарасын, пікірін дәлелдеуге жаттықтыра алады.

- Белгілі бір мәселелерді нысана етіп, соны шешу, әрі жинақтап қорытындылауда көркем шығармалардан, негізгі эпизодтардан ішінара іріктеп алып, мәтінді логикалық жоғары дәрежеде ауызша және жазбаша ойын еркін жеткізе алады.

- Қазақ әдебиеті тарихындағы бір ғасырға жуық уақытты қамтитын XIX ғасырда өмір сүрген ақындарымыз бен тарихи тұлғаларымыздың өмірі мен шығармашылығынан хабардар болады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: көпшілік алдында түсінгенін жеткізе алады; әдеби сын- зерттеулерге тезис және конспект жасай біледі. Дастандар, жырлар, өлеңдердің негізгі идеяларын ажыратып, өлең сөздің теориялық негіздерін: ұйқас, шумақ, бунақ, өлең өлшемдерін ажырата алады.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: Жетісу әдебиеті

Пәннің пререквизиті: Көне түркі және ақын-жыраулар поэзиясы

Пәннің постреквизиті: Түркі халықтары әдебиеті

Мақсаты: Жетісу әдебиетін тануды жалпы қазақ қаламгерлері шығармашылығымен байланыстыра қарастырып, қазақ әдебиетінің өркендетудегі қызметін айқындау, кейінгі әдебиеттегі асыл арналарын жүйелеу.

Пәнге қысқаша сипаттама: Жетісу өңірінен шыққан ақын – жазушылар өмірі мен шығармашылығын оқыту арқылы туған өлке тарихы, мәдениеті, әдебиеті меңгертіледі. Жергілікті әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесі қамтылады. Жетісу жеріндегі ақын-жазушылардың әдеби мұрасы, оның идеялық-композициялық ерекшеліктері, поэтикасы, қазақ әдебиетіне қосқан жаңалығы, жергілікті әдебиет өкілдерінің бағдарламада қамтылуы, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Оқыту нәтижелері: Жыр дүлдүлі атанған Ілияс Жансүгіровтың өнегесін ұстана келген Ғали Орманов, Әділбек Абайділданов, Қанипа Бұғыбаева, Сәкен Иманасов сынды ақындарымыздың өлеңдерін, Әнуар Әлімжанов, Сайын Мұратбеков, Бексұлтан Нұржекеев сияқты жазушыларымыздың прозалық шығармаларын оқи отырып, туған өлке келбеті, тарихи тұлғаларымыздың тағдыры жайлы деректермен, өлке тынысымен танысады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- қазақ әдебиетінің ілгері жылжуын ғылыми тұрғыда бағалау мен саралау жолдарын меңгеруі, қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне өзіндік тұрғыда баға беру, жаңа тұжырымдар айта білуі.

пәндік:

- Жетісу жеріндегі проза жанрының қалыптасып, дамуының объективті себептерін ашып, айқындай алуы;

- көркем образ, әдеби характер, әдеби тип, реализм, романтизм, жазушы стилі сияқты әдеби ұғымдардың негізгі белгілерін білуі.

- қаламгер туындыларымен танысып, ондағы дәуір демін, қоғам шындығын айқындай білуі.

Модуль коды: БҚҚ 1-4

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 1

Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Пәннің пререквизиті: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы

Пәннің постреквизиті: Қазіргі қазақ тілі синтаксисі

Мақсаты: Курстың басты мақсаты болашақ мамандарды қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз және оның формалары, оны қарастырудың жолдары мен тәсілдері, амалдары туралы және сөз атаулының әлденеше рет өзгеріске ұшыраған түрлері мен олардың топтарға бөлінуі, әр топқа енген сөздердің өзіне тән грамматикалық сыр-сипаты жөнінде терең теориялық білім беру мақсатын көздейді

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Сөздердің морфологиялық құрылымы, негізгі грамматикалық ұғымдар, грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория; сөздің құрамы және морфемалардың түрлері; сөз формалары және олардың жасалу тәсілдері, түрлері; сөз таптары, олардың жіктелуі; сөз таптарының лексика-грамматикалық сипаты, түрлену жүйесі, синтаксистік сипаты мен қызметі қарастырылады.

Оқыту нәтижесі:

- Сөздердің морфологиялық құрылымын, негізгі грамматикалық ұғымдар мен категорияларды;

- сөз құрамы және морфемалардың жасалу жолын;

- сөз формалары, олардың жасалу жолын;

- сөз таптары, олардың жіктелуі; зат есім, оның лексико-грамматикалық, синтаксистік сипаты; сын есім, оның синтаксистік қызметі; сан есім, оның лексико-семантикалық, морфологиялық сипаты; есімдіктердің жасалу жолы, түрлері;
- етістіктің лексика-семантикалық, морфологиялық сипаты;
- үстеудің морфологиялық белгілері, түрлері;
- еліктеу сөздердің семантикалық, фонетика-морфологиялық, синтаксистік сипаты;
- одағай, оның түрлері, қызметі;
- шылау, олардың түрлері, жасалу жолдарын мақсатты түрде қолдана білуге үйренеді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогтың кәсіби парызын ұғыну, педагогикалық қызмет нәтижесіне жауапкершілікпен қарау.

пәндік: қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық игерілуі, сөз және оның формалары, оны қарастырудың жолдары мен тәсілдері, амалдары туралы және сөз атаулының әлденеше рет өзгеріске ұшыраған түрлері мен олардың топтарға бөлінуін меңгеру.

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Көркем мәтінге лингвистикалық талдау

Пәннің пререквизиті: Қазақ тілінің стилистикасы

Пәннің постреквизиті: Қазіргі қазақ тілі синтаксисі

Мақсаты: Көркем мәтінде қолданылған тілдік құралдардың мәнін ашып түсіндіру, сол арқылы түпкі нәтижеге – мәтіннің (көркем шығарманың) көркем бейнелі болмысын түсінуге қол жеткізу. Көркем туындылар тілін зерттеудегі ілім-тәжірибелерді басшылыққа ала отырып, студенттерге лингвистикалық талдаудың жолдарын, практикасын үйрету. Мәтінде қолданылған тілдік элементтердің мағынасын, мәнін, эстетикалық қызметін ашып айқындау.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Көркем тіл мен әдеби тіл, олардың байланысы мен ерекшеліктері, нормалары, тілдің көркем әдебиеттегі эстетикалық қызметі, көркем мәтіннің түрлері, поэзиядағы ақындық еркіндіктер, олардың тілдік дәстүрлі қалыпқа қайшы жақтары, тілдік, стилистикалық эксперимент, мағыналық және салыстырмалы стилистикалық, статистикалық әдістер, қаламгердің дара стиліне тән ерекшеліктерді анықтау, талдау мәселелері қарастырылады.

- Оқыту нәтижелері:

- студенттерге көркем мәтінмен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдері мен принциптері туралы ұғым-түсінік беру;

- көркем мәтіннің ұйымдасқан біртұтас эстетикалық күрделі құрылым екенін түсіндіру;

- студенттерді көркем шығарма тілін түсініп, оны талдай білуге дағдыландыру.

Қалыптасатын құзыреттер:

- қойылған сұрақтарға логикалық ойлау арқылы дұрыс әрі дәл жауап бере білу;

- тыңдаған не оқыған әдебиеттерді ғылыми-теориялық тұрғыдан талдай білу;

- баспасөз материалдары және қосымша әдебиеттер негізінде хабарлама, баяндама, реферат жаза алуы да көзделген.

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Жалпы тіл білімі

Пәннің пререквизиті: Алаш дәуіріндегі тілтанушылар

Пәннің постреквизиті: Қазақ тілінің салыстырмалы грамматикасы

Мақсаты: тыңдаушыларды тіл біліміндегі негізгі теориялармен таныстыру, оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, алда тұрған міндеттерінен, шешілген және шешілмеген проблемаларынан жан-жақты мәлімет беру.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Ежелгі заман, орта ғасыр тіл білімі, қайта өркендеу дәуірі тіл білімі, XIX ғасыр тіл білімі, XIX ғасыр тілі білімінде қалыптасқан тіл білімі мектептері, ағымдары, XX ғасыр лингвистикасы, кеңестік тіл білімі, қазіргі лингвистиканың антропоцентристік тұрғыда зерттелуі, жаңа бағыттары, тілді зерттеу әдістері қарастырылады. Қолданбалы, салыстырмалы-тарихи, типологиялық, структуралық, ареалдық, математикалық лингвистиканы меңгертеді.

Оқыту нәтижелері: Тіл білімінің басқа қоғамдық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын айқындау. Тіл білімін дамытуға өз үлестерін қосқан ғалымдармен, тіл білімі мектептерін меңгеру.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: кәсіби абырой мен педагог қадір-қасиетін, сондай-ақ педагогикалық этика нормаларын сақтау, педагог мамандығының әлеуметтік маңыздылығын ұғыну, қазақ тілінің даму тарихынан мағлұмат беру.

пәндік:

- жалпы тіл біліміндегі осы заманғы ғылыми концепциялар мен жетістіктер туралы мәлімет беру;
- жалпы тіл білімінің теориясымен танысу;
- тіл тарихын меңгеру;
- тіл біліміндегі әдіс-тәсілдерді ажырату;

Модуль коды: БҚК 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Функционалды грамматика

Пәннің пререквизиті: Қазақ тілінің стилистикасы

Пәннің постреквизиті: Қазақ тілінің салыстырмалы грамматикасы

Мақсаты: Пәннің негізгі мақсаты – функционалды грамматиканың қалыптасу, даму кезеңдерімен қатар мағынаға негізделген қазақ тілінің терең образды ойлаудағы, тілдік бірліктердің түрлі қызмет атқарудағы мүмкіндігінің орасан екендігін ұғындыру. Білімгерлерді жаңа функционалдық бағыт жетістіктерін пайдалана алуға үйретумен қатар, функционалды грамматикасының өзекті мәселелерімен жан-жақты хабардар ету, өз беттерінше ой қорытып, ізденуге бағыт-бағдар беру және жекелеген функционалды-семантикалық категорияларды зерттеуге бағыттау болып табылады.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Функционалды грамматика теорияларының қалыптасуына, функционалды грамматиканың функция, функционалды семантикалық өріс, категориялық жағдаят ұғымдарына түсінік беріліп, қазақ тіл білімінде қарастырылған функционалды-семантикалық өрістер қамтылады. Қазақ тіліндегі грамматикалық бірліктердің темпоралдылық- мезгіл, персональдылық- жақтылық, посесивтік- меншіктілік, компаративтік- салыстырмалы, каузальдық-себеп, локативті-мекен, модальділік, сандық, кеңістік т.б. қызметтері, семантикалық функциялардың өзектелінуінің тәсілдері қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

- кәсіби ортада және жалпы қоғамда, өзінің кәсіби деңгейін жетілдіру мақсатында тілдің функционалды қызметіне, функционалды грамматика мәселелеріне қатысты білім қорын қалыптастырып, жаңа білім қорын меңгеру қабілетін жетілдіреді;
- әдеби тіл нормаларын, функционалдық сөйлеу стилі жүйелерін тәжірибеде пайдалана білу дағдыларын жетілдіріп, жетік меңгеру қабілетін таныта алады;
- өзінің қызмет барысында нормативтік-құқықтық құжаттарды пайдалануды сауатты меңгереді;

- жеке топ орындаушыларының жетекшісі дағдысын қалыптастырады, сондай-ақ пәнаралық жобаларды көрсете отырып, тілдік тұлға ретінде тиімді жұмыс істеуге дайындығын кәсіби әдеп пен кәсіби қызмет атқару нормаларында жауапкершілік, шынайылық таныта алады;

- болашақ маман тіл ғылымының қалыптасу, даму кезеңдерін, тіл дамуына ортақ заңдылықтарды, олардың туу себептерін тиянақты меңгеріп, оны сөйлесімде, мәдениетаралық коммуникацияда т.б. жағдайда пайдалану біліктілігін жетілдіруі тиіс;

- білім мен практикалық дағды нәтижесінде тілдің қызметі, тіл қызметінің түрлері жайындағы ғылыми-теориялық тұжырымдарды талдап, саралап ажыратуды;

- тіл ғылымындағы грамматика ілімінің негізгі бағыттарына қатысты ғылыми теориялық білім мазмұнын толықтыру мақсатында тәжірибе жинақтауды, практикалық тұрғыда талдау жасауды, жеке тілдік тұлға ретінде көзқарас білдіре алуды белгілі дәрежеде меңгеруі тиіс.

Қалыптасатын құзыреттер:

Қазіргі кезеңдегі грамматика және оның түрлері туралы мәселелерді; тілдің грамматикалық құрылысын зерттеудің теориялық негіздері мен заңдылықтарын, алған білімін тәжірибе жүзінде тиімді қолдану арқылы белгілі бір дағдыларын қалыптастыра білуі тиіс;

арнайы: формализациялау, құрылымдау және жүйелеу біліктері мен дағдыларын меңгеру, педагогикалық болмысты тұтас қабылдауға және жүйелі ойлауға қабілетті болу.

пәндік:

- болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімінің өз ойын дұрыс жеткізе білуі, ойын қағазға түсінікті де айқын түсіре алуы;

- маман ретінде ұжымда қызмет істей алу қабілетімен қатар, тіл бірліктерін қолдану, олардың жұмсалымдық мүмкіндіктерін игеру дағдысы мен шеберлігі құзыреттілігі қалыптасады.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Пәннің пререквизиті: XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Пәннің постреквизиті:

Мақсаты: XX ғасырдағы қазақ ақын-жазушылары шығармалары, ол туындылардың көркемдік-стильдік ерекшеліктерін, тақырыптық-идеялық мазмұнын, құрылымын, жанрлық ерекшеліктерін танып-білу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: XX ғасырдағы әдеби процесс, түрлі ағымдар мен бағыттар, сол дәуірдегі әдебиет өкілдері, олардың әдеби мұралары, көркем шығармалардың тақырыбын, идеясын және поэтикасын қамтиды. Пән жазба әдебиет өкілдерінің шығармашылығы, діни-ағартушылық және ағартушы-демократтық бағыттағы шығармалар, қазақ әдебиетіндегі сыншыл реализм, қазақ прозасындағы жаңалықтар, әңгіме жанрының шеберлерін, қазақ романдарын меңгертеді. XX ғасырдағы қазақ қаламгерлері шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін, тақырыптық-идеялық мазмұнын, құрылымын, жанрлық-стильдік ерекшеліктерін меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- қазақ әдебиетінің ілгері жылжуын ғылыми тұрғыда бағалау мен саралау жолдарын меңгеруі, қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселесіне өзіндік тұрғыда баға беріп, жаңа тұжырымдар айту;

- осы кезеңдегі әдеби ағымдар мен бағыттарды жан - жақты қарастыру арқылы «алтын ғасыр» аталған әдебиеттің табиғатын тану.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: нақты әлеуметтік-педагогикалық жағдайды ескере отырып кәсіби қызметте теориялық білімдерді қолдана алу біліктері мен дағдыларын меңгеру

пәндік: ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің қоғамдық - әлеуметтік жағдаймен байланысын қарастыру арқылы әдебиеттің ой - сананы оятудағы міндеттерін айқындау. Өзіне дейінгі әдебиетпен байланысын, дәстүрлі әдебиет үлгісін, жаңашылдықты тану. Романтизм мен реалистік әдіс- тәсілдердің қабаттаса жүріп, өмір шындығын ашудағы өзіндік ізденістерін бағамдау.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: Түркі халықтары әдебиеті

Пәннің пререквизиті: ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті

Пәннің постреквизиті:

Мақсаты: Түркі халықтары әдебиеті, әдебиеттануға үлес қосқан ғалымдар, түркі әдебиеті өкілдері мен олардың шығармалары, түркі әдебиетіндегі тақырып, ортақ мәселелер туралы, түркі әдебиетінің даму арналарын таныту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қырғыз, өзбек, татар, түркімен, түрік, ұйғыр, әзірбайжан, башқұрт әдебиетінің қалыптасып даму тарихын, әдебиет өкілдері мен олардың шығармашылығын қарастырады. Түркі халықтары әдебиеті өкілдері шығармаларының мазмұнын, тақырыбын, поэтикалық, сюжеттік-композициялық ерекшелігін, образдар жүйесін, әдебиеттегі ортақтық мәселелері мен өзіндік ерекшеліктерін, ХХІ ғасырдағы түркі тілдес халықтар әдебиетінің даму арналарын меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- Түркі халықтарының (қырғыз, өзбек, татар, түркімен, түрік, ұйғыр, әзірбайжан, башқұрт) әдебиетінің қалыптасып даму тарихын танып білу;
- әдебиеттегі ортақтық мәселелері мен өзіндік ерекшеліктерін саралау;
- ХХІ ғасырдағы түркі тілдес халықтар әдебиетінің даму арналарын айқындау;
- түркі халықтары әдеби шығармаларын оқып, әр халықтың әдебиетіндегі жетістіктерді саралауға дағдылану.

Қалыптасатын құзыреттер: түркі халықтары әдебиеті өкілдерін, олардың көтерген тақырыптарын ажырата алады; әр жазушыны, ақынның туындысын әдебиет теориясы негізінде талдай алады; түркі халықтары әдебиетінің қалыптасып, даму кезеңдері туралы өзіндік пікірін білдіріп, тұжырымдай алады.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: Тәуелсіздік дәуіріндегі әдебиет

Пәннің пререквизиті: ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті

Пәннің постреквизиті:

Мақсаты: Студенттерді тәуелсіздік алған жылдардан бергі қазақ әдебиетіне келген жаңа есімдер мен шығармалар жайлы түсінік беру. Олардың қаламынан шыққан әрбір шығарманың қазақ әдебиетінің проза, поэзия, драматургия, сын салаларына қосқан үлесін танып білу.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің даму арналарын, проза, поэзия, драматургия жанрындағы жаңалықтарды, ұлттық рух, діл әдебиеттегі көрінісін, қазіргі қаламгерлердің соны ізденісін, дәстүр сабақтастығын қамтиды. Қазақ әдебиеттану ғылымының басым бағыттарын, алаш әдебиетін, әлемдік әдебиеттегі үрдістер мен бағыттарды, модернизм, постмодернизм, экзистенциализм т.б. ағымдарды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

– Тәуелсіздік жылдарындағы романдардағы өмір шындығының тарихи шындықпен бейнеленуін білуі керек;

- тарихилықтың көркемдік шындыққа негіз болуының ерекшеліктерін түсінуі керек;
- тарихи тұлғалар мен оқиғалардың көркемдік шешіммен жинақтала бейнеленуін түсінуі тиіс;
- әдеби бейнелердің прототиптік негізділігінің мәнін ажыратуы керек;
- кейіпкерлерді даралау мен мінездеудің психологиялық ерекшеліктерін айқындай алуы шарт;
- романдардың идеялық-композициялық желісіндегі ұлттық этнографиялық сипат болмысын айқындай алуы қажет.

Қалыптасатын құзыреттер: Тәуелсіздік жылдарындағы ақын-жазушыларының туындыларын меңгереді; аталған кезеңдегі авторлардың шығармаларын талдап, тақырыбын, сюжетін, стилін, қазақ әдебиетіндегі алатын орны мен бағасын саралай алады, өзіндік пікірін білдіре алады.

Модуль коды: ТБЖМ-8

Модуль атауы: Тұлғалық бағытталған жетілдіру модулі

Пән атауы: Шетел әдебиеті тарихы

Пәннің пререквизиті: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті

Пәннің постреквизиті:

Мақсаты: Шетел әдебиетінің тарихын, шетел әдебиеті шығармаларын, идеясын танып, негізгі шығармалар құрылымының жүйесін, пәнге қатысты алған түсініктерін тереңдетіп, болашақ мамандарға қойылатын талап деңгейінде шетел әдебиетін тану ғылымының қыр-сырын танытып, теориялық тұрғыда талдай білуге үйрету, талап қою пәннің бірден-бір алғы шарты болмақ.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Шетел әдебиетінің тарихы мен даму кезеңдерін, классикалық шығармаларды, қазіргі әдебиетпен сабақтастығын, әлемдік әдебиеттің ХХІ ғасырдағы даму заңдылықтары, оған әсер етуші факторлар, жалпы әдеби процесс, оның даму жолы, бағыттары, қазіргі кезеңдегі түрлі ағымдар мен әдеби бағыттар, оның өкілдерінің шығармашылығы қарастырылады. Көне грек, рим әдебиетінен бастап, ағылшын, француз, герман, орыс әдебиеті өкілдерінің классикалық шығармалары, оның поэтикасы, образдар әлемі меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері:

- Шетел әдебиеті тарихының қалыптасуы, даму тарихын меңгереді;
- шетел әдебиеті тарихындағы ақын-жазушылары, олардың шығармаларымен танысады;
- шетел әдебиеті шығармаларына тереңдеп үңілу үшін алдымен оқулықтармен танысып, мәтіндерді оқып, өз ойын негіздейді;
- әдебиеттегі заман, әлеумет, дін жайын толғаған философиялық, психологиялық, эстетикалық, педагогикалық ойларының сырын меңгеріп, таниды.
- шетел әдебиеті тарихы бойынша теориялық, практикалық бағытта алған білімдерін пікір алмасуларда, пікірталастарда өз көзқарасын, пікірін дәлелдей білу үшін тиімді қолдана алады.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: Шетел әдебиеті тарихындағы, әр кезең өкілдері, олардың еңбектерімен, мазмұнымен танысып, автордың жазу стилін тани алады. Шетел әдебиеті шығармаларының тақырыбы мен идеясын; объективтік және негізгі идеяларды ажырата алады; көркем әдебиеттің танымдық-тәрбиелік, көркемдік-эстетикалық, ұлттық сипаттарын айқындап, талдауға ұсынылған шығарма туралы пікір жазып, өзіндік ой толғап, бағалай алады.

Модуль коды: БҚҚ 1-4

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 1

Пән атауы: Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі

Пәннің пререквизиті: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Пәннің постреквизиті: Әлеуметтік лингвистика

Мақсаты: Синтаксистік тұлғалар, олардың түрлері коммуникативтік грамматикалық дербес синтаксистік формалар, синтаксистік жүйе, салаласа, сабақтаса байланысқан сөз тіркестері мен оларды құруға қатысатын амалдар туралы түсінік беріп, жай сөйлемдердің грамматикалық сипатын, семантикалық-грамматикалық формаларын таныту.

Синтаксис – сөйлем құрудың жүйесі, сондықтан құрмалас сөйлемнің қалыптасу, даму жолдары жайлы теориялық білім беруді, өзіндік белгілері, басқа тілдік конструкциялардан айырмасы, жасалу жолдары мен түрлері жайлы теориялық білім беруді, ал практикалық бөлімі студенттердің меңгерген білімдерін бекітуді, білім дәрежесін толықтыра түсуді мақсат етеді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тіліндегі сөйлем құрау материалдары – сөз тіркестері, сөздердің тіркесу амалдары мен формалары, есімді және етістікті тіркестер, олардың ерекшеліктері, мағыналық қатынастары; сөйлемді тану принциптері, сөйлем мүшелері, сөйлемнің сөйлем мүшелерінің қатынасына қарай түрлері, айтылу мақсатына қарай түрлері, сөйлемнің оқшау сөздер арқылы күрделенуі, олардың тыныс белгісі жайлы теориялық материалдарды қамтиды.

Құрмалас сөйлемнің жалпы сипатын, салалас, сабақтас аралас, көп компонентті түрлері, мағыналық түрлерінің жасалу ерекшеліктері, құрмалас сөйлемнің интонациясы, тыныс белгілері және оны оқыту жайлы теориялық білім беруге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

- Сөз тіркестерін жасау тәсілдерін, тіркесу формаларын меңгеру.
- Жай сөйлем түрлерін, жасалу жолдарын игеру.
- Сөз тіркесі және жай сөйлем бойынша талдау жасауға дағдылану.
- Құрмалас сөйлемнің жалпы сипатын, түрлері мен жасалу жолдарын игеріп, құрмалас сөйлем интонациясы мен стильдік қызметін анықтау.
- Құрмалас сөйлемнің заңдылықтарын сақтауға, дұрыс іс жүзінде қолдана білуге дағдылану.
- Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің ара қатынасын, айырым белгілері мен ұқсастықтарын танып, сараптау.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік:

- сөз тіркестерін жасау тәсілдерін ажырата алады;
- тіркесу формаларын ажыратады, талдайды.
- жай, құрмалас, аралас сөйлемдерді тану принциптерін біледі;
- аталған сөйлемдерге тән ерекшеліктеріне қарай талдайды;
- түр-түрінің жасалу жолдарын ажырата біледі;
- сөз тіркесі және сөйлем заңдылықтарын іс жүзінде дұрыс қолдана білу арқылы әдеби тілде ойын нақты, көркем жеткізе алады, сауатты жазады.

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Қазақ тілінің тарихи грамматикасы

Пәннің пререквизиті: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Пәннің постреквизиті: Когнитивті лингвистика

Мақсаты: қазіргі қазақ тілі бойынша алынатын білімді тереңдете отырып, қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы фонетикалық өзгерістердің рөлін, этимологиялық және этнолингвистикалық ерекшеліктерін, сөзжасам жүйесі мен оның теориялық номинациялық қисындарын, грамматикалық құрылымындағы тұлғалық және қызметтік, мағыналық өзгерістердің себебі мен салдарын, сөз және сөйлем құрылымының күрделену сипатын т.б. ғылыми негіздеп кешенді түрде оқыту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тілінің фонетикалық жүйесі дамуының негізгі ерекшеліктері, дауысты және дауыссыз дыбыстардың тарихи өзгерістері, қазақ тілі тарихи морфологиясын білудің әдістері мен көздері, есім сөз таптары мен етістік категорияларының дамуы қарастырылады. Тарихи грамматика пәнінің негізгі теориялық тұжырымдары көне әдеби жазба ескерткіштер тілі мен халықтың сөйлеу тілі ерекшеліктері меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері: студенттер қазақ халқының этногенездік құрамына сәйкес халық тілінің қалыптасу ерекшеліктерін, тіл дамуының негізгі кезеңдері мен жолдарын білумен қатар, қазіргі қазақ тілінің құрылымынан жаңа құбылыстар мен көне тілдік күйдің қалдықтарын ажырата білуі, қазіргі тіл құрамындағы синонимдік, антонимдік, көп мағыналылық құбылыстардың болу себебін, омонимнің, варианттардың, дублеттердің пайда болуы мен оның ерекшеліктерін ғылыми тұрғыда түсіну қажет. Сондай-ақ, Орхон-Енесей жазба ескерткіштері мен ортағасырлық мұралар тілін лексикалық, фонетикалық, грамматикалық жағынан талдай білу, қазіргі қазақ тілімен, басқа түркі тілдерімен салыстыра отырып, даму ерекшеліктерін саралауы, этимологиялық, этнолингвистикалық талдаулар жасай алуы қажет.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- қазақ тілі грамматикалық құрылысының тарихи дамуын зерттеудің негізгі кезеңдерін біліп шығады;

- этнолингвистиканың негізгі мәселелерін меңгеріп шығады.

пәндік:

- фонетикалық жүйенің негізгі ерекшеліктерін;

- тарихи лексикология мәселелерін;

- қазақ тілінің тарихи сөзжасамын;

- тарихи морфология мәселелерін,

- тарихи синтаксис мәселелерін біліп шығады.

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы

Пәннің пререквизиті: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

Пәннің постреквизиті: Этнолингвистика

Мақсаты: Түркі тілдері, олардың жалпы сипаты, фонологиялық ерекшеліктері; морфологиялық ерекшеліктері; лексикалық қабаты; синтаксистік құрылысы; түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдері; түркі тілдерінің жіктелуін меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Түркі тілдері, олардың жалпы сипаты, фонологиялық ерекшеліктері; морфологиялық ерекшеліктері; лексикалық қабаты; синтаксистік құрылысы; түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу кезеңдері; түркі тілдерінің жіктелуі; салыстырмалы фонетика; салыстырмалы морфология; салыстырмалы синтаксис қарастырылады. Түркі тілдерінің зерттелу тарихы; түркі тілдерінің жүйесіне тән дыбыстық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері; түркі тілдерін салыстыра зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдіс меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері: түркі тілдерінің зерттелуін меңгереді, түркі тілдерінің жалпы сипаттамасын біледі, жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, терең қарастыра алады, тілдік туыстық ерекшеліктерін анықтайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- теориялық талдау жасай алуы;
- өзіндік пікір айта алуы;
- негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білуы.

пәндік:

- түркі тілдері, оның жалпы сипаттамасын білуі;
- алған білімдерін практикада қолдана білуі;
- жеке түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты, терең қарастыруы;

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Әлеуметтік лингвистика

Пәннің пререквизиті: Функционалды грамматика

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: Тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік мәні, тілдің әлеуметтік қызметі, тілдік болмыстың формалары (әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, қарапайым тіл, территориалдық диалектілер, койне, пиджин), тілдің әлеуметтік саралануы (жаргон, арго, кәсіби тіл), тілдік қалып, тілдік жағдай, тіл саясаты, диглоссия, мультилингвизм, билингвизм, пиджинизация және креолизация т.б. үдерістерін меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік мәні, әлеуметтік қызметі, тілдік болмыстың формалары, тілдің әлеуметтік саралануы, тілдік қалып, тілдік жағдай, тіл саясаты, диглоссия, мультилингвизм, билингвизм, пиджинизация, креолизация үдерістері қарастырылады. Тілдің дамуы, қазіргі жай-күйі; қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі, тіл туралы заңдар; қатысымдық сапалардың тілге қатысы және олардың тілдің әсерлілігі мен эстетикасына тигізетін әсері қамтылады.

Оқыту нәтижелері:

- қазақ тілін антропоцентристік бағытта зерттеу негіздерін, әлеуметтік лингвистика міндетін, тарихын, зерттеуші өкілдерін меңгереді;
- әлеуметтік лингвистикадағы негізгі теориялар мен концепцияларды салыстырады, лингвистикалық сараптама жасайды;
- тіл мен таным, тіл мен ой, концепт теориясы туралы теориялық білім алады;
- болашақта тілтанымдық зерттеулер жүргізу дағдысын қалыптастырады.
- әлеуметтік лингвистикадағы қазіргі ғылыми-зерттеулеріндегі жаңалықтарды сыни тұрғыда талдайды және олардың басым үрдістерін негіздейді;
- тілдік ортаның дамуына ықпал ететін экстралингвистикалық және интралингвистикалық, транслингвистикалық факторларды жіктейді, тіл саясатының бағыттары мен әртүрлі бағдарламалардың тілдік ортаға ықпалын бағалайды.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы:

- жалпы және қазақ тіл біліміндегі қазіргі ғылыми-зерттеулеріндегі жаңалықтарды және олардың басым үрдістерін біледі;
- ойлау мәдениетін жүйелей, жинақтай біледі, ақпаратты қабылдап, талдай алады;
- ойдың тәуелсіздігі, сын тұрғысынан ойлау, талдау, диагностикалау дағдылары болады;
- ауызша және жазбаша лебізді логикалық жағынан дұрыс, айқын құрады;

пәндік:

- әлеуметтік лингвистика концептілерін, негізгі ұғым, түсініктерін, терминдерін біледі;

- әлеуметтік лингвистика саласында талдау жасай алады;
- педагогикалық шешендік талаптарына сай сөйлей алады, қарым-қатынас мәдениетін меңгерген;
- қарым-қатынаста жағдаятқа байланысты ойын анық, дәл, орынды жеткізе біледі;
- дұрыс сөз саптауға, кәсіби пікір алмасуға, өзіндік пікірін дәйекті түрде жеткізуге құзыретті;
- сөйлеу барысында қанатты сөздерді, мақал-мәтелдерді, көсемсөздерді, афоризмдерді, тілдік фактілерді мақсатты түрде қолдана алады;
- тілдік талғамы қалыптасқан.

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Этнолингвистика

Пәннің пререквизиті: Функционалды грамматика

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: «Этнолингвистика» - этностың дүнияуи табиғатын тереңнен танып-білу үшін басқа емес, тек тіл феноменінің өзіне ғана тән ғажайып мүмкіншіліктері мен қазына байлығын зерделепзерттеуді мақсат ететін ғылым. Курстың мақсаты – этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері, даналығы мен дүниетанымын, тұрмыстық заттар мен салт-сана, әдет-ғұрпын тіл фактілері арқылы үйрету және тәрбиелеу сапасын көтеру, ұлттық құндылықтар ерекшеліктерін оқытып, іс жүзінде қолдана білуге үйрету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Тіл және ұлттық мәдениет, қазақ этнолингвистикасының ғылыми зерттеу әдістері; қазақ этнолингвистикасындағы жүйелілік принципі, тіл арқылы мәдениеттанудың ғылыми бағыттары; елтану, лингвомәдениеттану, этнолингвистикалық арналар, ұлттық мәдениеттің қалыптасуына негіз болатын басты факторлар, қазақ фразеологизмдерінің қалыптасуындағы ұлттық мәдени маңызы түпдеректер, дүниенің тілдік бейнесі, тілдің паремиологиялық қоры қарастырылады.

Оқыту нәтижелері:

- этнолингвистика мен ғылыми лингвистикалық пәндердің негізгі бағыттары;
- этнолингвистикалық талдаудың аралас салалары, мәтін мен дискурс;
- этнографизмдер, концепт, фреймдер жайлы түсінігі қалыптасады.

Қалыптасатын құзыреттер:

Жалпы:

- қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этникалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіби қызметінде соларға сүйену;
- іскери этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын игеру.

Пәндік:

- әртүрлі ғылыми ойлар мен теорияларды сынап талдау, бағалау және салыстыру;
- халықаралық ғылыми форумдарда, конференциялар мен семинарларда көпшілік алдында сөйлеу, шешендік өнер.

Модуль коды: БҚҚ 2-5

Модуль атауы: Базалық құзыреттілікті қалыптастыру 2

Пән атауы: Когнитивті лингвистика

Пәннің пререквизиті: Функционалды грамматика

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: Когнитивті лингвистика курсының ең негізгі мақсаты – тіл біліміндегі танымдық теорияның ғылыми негіздерін меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой-өрісін кеңейту. Сондай-ақ когнитивті лингвистиканың басқа салалармен байланысын зерделеу, танымдық аспектілерге

байланысты ғылыми еңбектерді, пікірлерді, көзқарастарды талдап, талқылай білу, курсқа қатысты ұғымдарды, терминдерді меңгеру, студенттердің дүниетанымын кеңейту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Когнитивтік лингвистиканың нысаны, мақсаты, міндеттері, қалыптасу тарихы, басқа ғылым салаларымен байланысы, қазақ тіл біліміндегі, шетел тіл біліміндегі көрінісі туралы мәселелер қамтылады. Когнитивтік лингвистиканың басты мәселелері – концепт ұғымы, концепт және концептуалдық құрылым, тілдік тұлға, дүниенің тілдік бейнесі, концептуалды метафора, танымдық фразеологизмдер, соның ішінде, этнографиялық фразеологизмдердің когнитивтік аспектісі жайлы ғылыми тұжырымдар меңгертіледі.

Оқыту нәтижелері:

- Когнитивті лингвистиканың объектісі мен міндетін, негізгі категорияларын ажыратады;

- тілдің танымдық қызмет екендігін, таным теориясының тұжырымдамасын, оның тілдік сипаттамасын меңгереді;

Қалыптасатын құзыреттер:

- когнитивті лингвистикадағы сананың маңызын, ой мен сана әрекеттері, олардың тіл арқылы сыртқа шығу көріністерін айқындайды;

- когнитивті лингвистиканың зерттелуі, дамуы, қалыптасуы жайлы мәлімет бере алады.

Модуль коды: КҚК 1-6

Модуль атауы: Кәсіби құзіреттілік 1

Пән атауы: Аударма теориясы мен практикасы

Пәннің пререквизиті: Қазақ тілінің стилистикасы

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: «Академиялық жазу» пәнінің мақсаты – ғылыми-зерттеу жұмыс түрлерін жазу бойынша шығармашыл, аса қабілетті жоғары білімді мамандарды даярлау, олардың әрқайсысының дербес ғылыми оқу-тану білімдерін дамыту; тіл білімі, әдебиет бойынша жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының түрлерін, ерекшеліктерін, олардың әдістерін оқытып, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жолдарын үйрету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Академиялық жазылым және оның ерекшелігі, академиялық оқылым әрекеті, тақырып таңдау, ақпарат іздеу, жазылым үдерісі, ақпаратты сын тұрғысынан талдау, академиялық адалдық, академиялық этика, филологиялық зерттеу әдістері, гипотеза және оны құру, сандық мәліметтерді өңдеу, академиялық мәтіннің құрылымы, оны дайындау кезеңдері қарастырылады. Ғылыми зерттеулер үдерісін ұйымдастыруды жоспарлауды және іске асыруды; зерттеу саласындағы әртүрлі теориялық тұжырымдарды талдауды, бағалауды, салыстыруды және қорытынды жасауды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- Академиялық мәтінді басқа мәтіндерден айырмашылығын айқындап салыстыра алады;

- ғылыми әдебиеттер, еңбектер материалдарын саралап, жүйелеп тақырыпқа қатысты өз көзқарасын дәлелдей алады;

- ғылыми-зерттеу жұмысымен байланысты терминдердің анықтамасын біледі;

- ғылыми-зерттеу жұмысының түрлерін ажыратып, олардың жазылу тәртібін меңгеріп, қажетті мәліметтерді зерделей алады;

- қазақ тіл білімінің ғылыми парадигмасын, ғылым тілін, ғылыми-зерттеу әдістері мен тәсілдері, сондай-ақ ғылыми мәтін және ғылыми стиль туралы теориялық, практикалық бағытта алған білімдеріне қатысты өз көзқарасын, пікірін дәлелдей, тұжырымдай алады;

- ғылыми баяндама, мақала, аннотация, реферат, ғылыми жоба, диплом жұмысы т.б. жазуға дағдыланады;

- ғылыми дереккөздерді іздеу жүйесін меңгеріп, ғылыми жұмыстарға талапқа сай сілтеме жасауды меңгереді.

Қалыптасатын құзыреттер:

арнайы: педагогикалық міндеттерді шешуде түрлі пәндер салаларындағы білімдерді біріктіру біліктері мен дағдылары қалыптасады.

пәндік: қазақ тілі мен әдебиеті бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары түрлерін жаза алуға, ғылыми жұмыс жазуда дұрыс әдіс-тәсілдерді тандай алуды, ғылыми-зерттеу бағытын анықтауды, ғылыми баяндама, мақала, эссе, реферат, конспект, ғылыми жоба т.б. жазуға, ғылыми әдебиеттерді саралап, ғылыми материалдарды жүйелеуге үйреніп, ғылыми мәтіндерді талдап өзіндік дәлелді пікірлерін ұсына алады.

Модуль коды: КҚК 1-6

Модуль атауы: Кәсіби құзіреттілік 1

Пән атауы: Аударма теориясы мен практикасы

Пәннің пререквизиті: Кәсіби бағытталған орыс тілі

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: Аударманың лингвистикалық теориясының түрлі типті мәтіндерді аудару үрдісінің ерекшеліктері мен осы үрдіске сөз формалары мен оны жүзеге асыру шарттарының ықпалын зерттейтін саласы екендігін, көркем аударманы, лексикалық бірліктерді аударудың негізгі жолдарын оқыту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тіл біліміндегі аударматану мәселесін, тарихын, теориясы мен тәжірибесін, аударма теориясының негізгі салаларын, аудармадағы тілдік дәнекерлікті, баламалық мәселелерін, көркем аударманы, лексикалық бірліктерді аударудың негізгі жолдарын эквивалентсіз лексиканы қарастырады. Орыс-қазақ тілінде жазбаша-жазбаша; ауызша-ауызша; жазбаша-ауызша; ауызша-жазбаша аударма жасауды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- Аударудың әдістері (талдау және қабылдау, аударманың герменевтикалық үлгісі, аударманың гипонимиялық тәсілі, жазба әдісі, мәтінді құрақтау әдісі, семантикалық өрісті қысқарту әдісін біліп шығады;
- аударманың жанрлы стилистикалық тұрғыдан сипатталынуын меңгереді;
- аударма процесін сипаттаудың негізгі принциптерін ажырата алады;
- аударма процесінің кезеңдерін (түпнұсқаны түсіну және аударма вариантын таңдау) талдай біледі;
- аударма процесін аударма модельдерінің көмегімен сипаттай алады.

Қалыптасатын құзыреттер:

- мәтіннің түрін ажыратып аударма жасай алады;
- аударма жасай отырып өзіндік стилін қалыптастыра алады;
- ауызша және жазбаша түрде аударма жұмыстарын жасай алады;
- берілген мәтін негізінде сөйлемдерді дұрыс құрастыра отырып, мазмұныны сақтай отырып сауатты аударма жасай алады.

Модуль коды: КҚК 1-6

Модуль атауы: Кәсіби құзіреттілік 1

Пән атауы: Психолингвистика

Пәннің пререквизиті: Функционалды грамматика

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: Психолингвистиканың теориялық негіздері, зерттеу нысаны, психолингвистика ғылымының пайда болуы мен дамуы, адамның сөйлеу әрекетіндегі психолингвистикалық ерекшеліктер қарастырылады. Психолингвистикада тіл бірліктерінің (дыбыстар, сөздер, сөйлемдер, мәтіндер) өзіне емес, сөйлеуші үшін

психологиялық анықтама, сөйлемдердің түсінікті болуы, сол сияқты тілді меңгеруге бағытталған.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Психолингвистиканың теориялық негіздері, зерттеу нысаны, психолингвистика ғылымының пайда болуы мен дамуы, адамның сөйлеу әрекетіндегі психолингвистикалық ерекшеліктер қарастырылады. Психолингвистикада тіл бірліктерінің (дыбыстар, сөздер, сөйлемдер, мәтіндер) өзіне емес, сөйлеуші үшін психологиялық анықтама, сөйлемдердің түсінікті болуы, сол сияқты тілді меңгеруге бағытталған.

Оқыту нәтижелері:

- негізгі арнайы психолингвистикалық ұғымдар мен түсініктемелерді және олардың ерекшеліктерін біліп шығады;
- психолингвистика негіздері бойынша қазіргі ғылымда пайда болған үрдістердің басымдылықтарын айқындай алады;
- психолингвистикалық білімнің негізгі мәнін, білім мен мән-мағынаның арақатынасын, тілдесімдік қызметпен байланысты мәселелерді тұжырымдай алады.

Қалыптасатын құзыреттер:

- қазіргі тіл біліміндегі психолингвистиканың теориялық және әдіснамалық қағидалары, басты ұғымдары туралы ғылыми түсінігі болады;
- психолингвистика негіздері бойынша қазіргі ғылымда пайда болған үрдістердің басымдылықтарын айқындай біледі;
- тілтанымдық ғылыми концепцияларды интерпретациялауға дайын болады;
- концептілік, танымдық тұрғыда талдаулар жасау бойынша практикалық жұмыс жасай біледі.

Модуль коды: КҚК 1-6

Модуль атауы: Кәсіби құзіреттілік 1

Пән атауы: Компьютерлік лингвистика

Пәннің пререквизиті: Функционалды грамматика

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: Компьютерлік лингвистика, лингвистикалық статистиканың теориялық мәселелері, фонема, әрп, буын, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем қолданыстарындағы математикалық сандық-статистикалық заңдылықтар, статистикалық әдіс, ықтималдық теориясын меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Компьютерлік лингвистика, лингвистикалық статистиканың теориялық мәселелері, фонема, әрп, буын, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем қолданыстарындағы математикалық сандық-статистикалық заңдылықтар, статистикалық әдіс, ықтималдық теориясы, жиілік сөздіктердің түрлері, ақын-жазушы тілінің сөздігі, сөздік қоры **қамтылады**. Студенттерге мәтіндерді лингвостатистикалық тұрғыда талдауды меңгертеді.

Оқыту нәтижелері:

- компьютерлендірудің лингвистикалық мәселелерін шеше алады, компьютермен жұмыс істеуге арналған жасанды тілдер құрылымын анықтап, ақпараттық банктер құрып, қалыптастырады;
- мәтіндерді өңдеу үшін компьютермен сөздіктерді алгоритмдерді құрастыра алады;
- әртүрлі тілдік үрдістерді модельдеп, басқа мәселелерді табиғи тілдің семантикалық заңдарын ескере отырып шеше алады.

Қалыптасатын құзыреттер:

- мәтіннің автоматты анализі мен синтезін жасай алады;
- автоматты сөздіктерді және автоматтандырылған ақпараттық іздеу жүйелерін, тілді оқытудағы автоматты жүйелерді құра алады;

- лингвистикалық деректер қорын құрып, анонимді мәтіндерді автоматты атрибуциялай алады;
- теориялық және қолданбалы лингвистиканың мәселелерін шешуге байланысты бағдарламалық құралдарды дайындай алады.

Модуль коды: КҚК 1-6

Модуль атауы: Кәсіби құзіреттілік 1

Пән атауы: Іскерлік қарым-қатынас және сөйлеу мәдениеті

Пәннің пререквизиті: Іскерлік қазақ тілі

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: латыннегізді қазақ әліпбиімен ресми іс қағаздар жүргізуді үйрету; іскерлік қарым-қатынас негіздерін меңгерту және жылдам оқу техникасын игерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Қазақ тіл мәдениетінің негіздерін, шешен сөйлеудің логикалық-құрылысы, тақырыбы, түрлері, стилі, әдістерін қарастырады. Сөйлеу мәдениетінің қатысымдық сапасын (байлығы, дәлдігі, тазалығы, қысқалығы, көркемдігі), пікірталастыру мәдениетін, жұртшылық алдында сөйлеуді, академиялық шешендік; сөйлеу этикетін, сөйлеу техникасы және дикциямен жұмысты меңгертеді. Шешендік өнер тарихы, шешендік өнер шарттары, шешенге қойылатын талаптар, шешендік сөздің түрлері (дау, арнау, толғау), идеялық, эстетикалық мазмұны **қарастырылады**.

Оқыту нәтижелері: Іскерлік қарым-қатынас мәдениетін меңгерген; іскерлік қарым-қатынаста, жұрт алдында сөйлеуде ойын жағдаятқа байланысты анық, дәл, орынды жеткізе біледі; кәсіби пікір алмасуға, өзіндік пікірін дәйекті түрде жеткізуге құзыретті; келіссөз жүргізуде сөз әдебін сақтайды, ым-ишара тілін түсіне алады.

Қалыптасатын құзыреттер: Іскерлік қарым-қатынас мәдениетін меңгерген; іскерлік қарым-қатынаста, жұрт алдында сөйлеуде ойын жағдаятқа байланысты анық, дәл, орынды жеткізе біледі; кәсіби пікір алмасуға, өзіндік пікірін дәйекті түрде жеткізуге құзыретті; келіссөз жүргізуде сөз әдебін сақтайды, ым-ишара тілін түсіне алады.

Модуль коды: КҚК 1-6

Модуль атауы: Кәсіби құзіреттілік 1

Пән атауы: Мәдениетаралық коммуникация

Пәннің пререквизиті: Іскерлік қазақ тілі

Пәннің постреквизиті: Өндірістік практика

Мақсаты: Пән мақсаты - техника мен байланыс құралдарының дамуымен жеке адамдар арасындағы, ұлтаралық, мәдениетаралық қатынас қалыптастыру. Мәдениетаралық коммуникация - бүгінде кез келген салада қызмет ететін маманға, әр адамға қажетті жаңа пән. Түрлі ұлт, мәдениет өкілдерінің өзара ұғынысып, ортақ тіл табысуы үшін не маңызды екенін егжей-тегжейлі түсіндіреді.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Мәдениеттердің ықпалдасуы мен диалогы идеяларынан туындаған мәдениетаралық коммуникация мәселесі уақыт өте келе тұлғааралық мәдени коммуникация деңгейіне өткендігі, бүгінгі таңда мәдениетаралық коммуникация мәселесі жаһанданудың өзара әріптестік және өзара түсіністік аспектісінде аса өзекті екендігі, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын халықаралық менеджмент және маркетинг саласында, БАҚ қызметінде, трансұлттық саясат саласында қолдану ерекшеліктері сипатталады.

Оқыту нәтижелері:

- негізгі арнайы ұғымдар мен түсініктемелерді және олардың ерекшеліктерін біліп шығады;
- мәдениетаралық коммуникация бойынша қазіргі ғылымда пайда болған үрдістердің басымдылықтарын айқындай алады;
- психоллингвистикалық білімнің негізгі мәнін, білім мен мән-мағынаның арақатынасын, тілдесімдік қызметпен байланысты мәселелерді тұжырымдай алады.

Қалыптасатын құзыреттер:

- қазіргі тіл біліміндегі мәдениетаралық коммуникация туралы ғылыми түсінігі болады;
- тілтанымдық ғылыми концепцияларды интерпретациялауға дайын болады;
- концептілік, танымдық тұрғыда талдаулар жасау бойынша практикалық жұмыс жасай біледі.